

# Тәуелсіздік күнін құтты болсын!



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

## ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 14 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ №141 (23 463)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Ұлт рухының ұлы жеңісі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бірегей де тарихи мақаласында «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс», – деп айрықша атап өтті. Иә, қасіреті мен қасіеті қанжыға қағысып келіп, әлімсақтан аз арманын ту еткен Алаш жұртына бостандық бодандық қамытын бырт-бырт үзіп, бірақ орнады. Азат күнін, азаттығын анасымен қатар қойған қарақөз қазақ сол күні жүрегі жарыла, өкпесі қабына қуанғанына төрткүл дүние күзгер.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Ұлы арман

16 желтоқсан. Алаш та, Абай да терен түсінген мәртебелі күн. Сол сұрапыл сәттерде қазақ жастары егемендігі жолында өкілене есе алған шақ. Тәңірге тәубе дегізіп, тәу етер Тәуелсіздігіміздің екі тізгін бір шылбырын қос қолымызға ұстатқан қастерлі белес. Бұл өзі көз талдырып, көңіл кездіретін, алдымен құлап жұбанатын, соңында жылап қуанатын, сүрлеу. Соны да сонар әлем. Әлімсақтан аңдағайлап, айтудан, жазудан жалықпайтын, толғаудан талықпайтын жүрек жыры. Махаббат пен мархабатқа ие киелі дата. 16 желтоқсан. Мұзға жанған алаулы тарихтың тұтас ұлттың тағдырын айқындаған ұлық күн. Сол кезде еркіндіктің рухы жүрекке ұя салған, тәуелсіздікке ұмтылған ұлы арманның ақиқатқа айналған кезеңі. Қайратты қазақ жастарының қайсарлығы, олардың ұранға айналған асыл мұраты осы күндердің қасиетті бейнесін мәңгілікке бедерледі. Сол уақыттағы күрес пен намыстың лебі әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегін жылытады, рухын асқататады.

Қайталайықшы, осы күн – тек күнтізбеде белгіленген қарапайым дата емес. Ұлт рухының жаңғырып, тамыры тереңге кеткен тәуелсіздік шежіресінің бастау алған сәті. Қазақтың еркіндігі үшін күрескен бабалардың татыққан тарғыл тастай беріш болып кеткен жан аманаты орындалып, кейінгі ұрпаққа азаттықтың ақ таңы атқан бәйгетөбе белесі. Ақтүекте арзуынан адасып кете жаздаған ақжүрек жұртқа жаратқанның қалауымен тарих атты төренің мөрі басылып, әділдігі орнады.

► 4-бет



### Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік – ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Оның арқасында біз мемлекеттілік пен егемендікті нығайтуға мүмкіндік алып, өзара бірлік пен тұтастықта болашағымызды құрып жатырмыз.

Экономика мен әлеуметтік сала дамып, мектептер, ауруханалар салынып, жаңа өндірістер іске қосылуда. Әсіресе, жаңа жұмыс орындары ашылып, азаматтарымыздың өмір сүру сапасы артып келеді.

Қиын кезеңдерде халқымыз көптеген этнос өкілдеріне құшағын ашып, қонақжайлық танытты. Бүгінде барлығымыз да бір үйдің баласындай ел дауына үлес қосып келеміз. Қазақстан ынтымақтастық пен келісімнің бесігіне айналды және бұл біздің – басты байлығымыз.

Бұл күні біз мемлекеттіліктің қалыптасуына баға жетпес үлес қосқан көрнекті тарихи тұлғалар қатарында Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Әз Тәуке, Абылай хан, Кенесары Қасымұлы, «Алаш» партиясының қайраткерлері Әліхан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермеков пен жеріміздің тұтастығын сақтап қалған Жұмабек Тәшенов, Нұртас Оңдасынов сынды ұлы тұлғалар бар.

Тәуелсіздік күні әр үйге бейбітшілік, жақсылық пен бақыт әкелсін. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргесі берік, аспаны ашық болсын!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

● БАСПАСӨЗ – 2025

## Басылымға белсенді жазылдық

Облысымыздың рухани айнасына, оқырмандарының сүйікті басылымына айналған «Орталық Қазақстан» газетін үзбей оқимын. Еліміздегі өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, қалың оқырманы қалыптасқан белсенді басылымға биыл QR код қосымшасы арқылы жазылуға мүмкіндік туды. Жылдағы дәстүрден жаңылмай биыл да арнайы жазылып, оқуды жалғастырамын.

Басылым талай тарихи оқиғалардың куәсі болды. Әр уақытта ұлттық жігерімізді жанып, мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрімізді, қасиетті ана тілімізді дәріптеуде қажымай-талмай қызмет етті. Жұртшылықтың жүрегіне білімге құмарлық, өмірге құштарлық, Отанды сүю тәрізді абзал қасиеттерді сіңіре білді.

Бүгінгі таңда басылым жастардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Газет беттерінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің тыныс-тіршілігі туралы талай тартымды мақалалар жарық көрді. Облыс көлемінде аталып өтетін дәстүрлі мәдени шаралар да басылым назарынан тыс қалып көрген емес.

«Орталық Қазақстан» газетінің таралу ауқымы жыл санап ұлғайып, қанатын кеңге жайсын. Журналистердің шығармашылық жаңа табыстарға жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

Сәуле САҒЫНТАЕВА,  
Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры



«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»  
ГАЗЕТИНЕ  
Kaspi QR  
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

● EUR/KZT 548.85

● USD/KZT 522.91

● RUB/KZT 5.05

● CNY/KZT 71.97

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
13 желтоқсан, 2024 жылғы дерекі бойынша



## Диагностикалық орталық салынады



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев «Orhun Medical» түрік компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесуде денсаулық сақтау саласында маңызды жобаны іске асыру бойынша ұсыныстар ортаға салынды. Алдағы уақытта онкологиялық науқастарға көмек көрсететін ядролық диагностика орталығын салу жоспарланып отыр.

рың бастаймыз. 2025 жылдың соңында радиофармпрепараттарды қолдана отырып, заманауи диагностиканы іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бұл әдіс онкологиялық ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, біз жергілікті кадрларды оқытып, біліктілігін арттыруды да ұйымдастырамыз,



Кеншілер қаласындағы «Orhun Medical» компаниясының медициналық орталығы бұрыннан жемісті жұмыс істеп келеді. Биыл №3 көпсалалы ауруханада радиациялық онкология орталығы жабдықталды. Компанияның жеке инвестициялары есебінен адамның саудене мүшелеріне аз әсер ететін ісіктерді емдеуге мүмкіндік беретін томотерапия аппараты орнатылған. Ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын табады.

– деді «Orhun Medical» бас директоры Дирик Гененч.

Аталған орталық ашылғаннан соң Қарағанды облысының емделушілеріне зерттеуден өтуге Астанаға немесе Алматыға барудың қажеті болмайды. Олар жоғары білікті көмекті жергілікті жерден алуға мүмкіндік жасалмақ.

– Бұл жоба біз үшін үлкен әлеуметтік маңызға ие. Бұл тұрғындарымыз үшін қажет. Біздің тарапымыздан жан-жақты көмек көрсетіледі, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы жер учаскесін сенімгерлік басқаруға беру мәселесін шешуді мүжіят тапсырды. Одан бөлек, жобаны іске асыру бойынша Жол картасын әзірлеу қажеттігі де назардан тыс қалмады.

Өз тілішімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

– Барлық тиісті рәсімдер аяқталғаннан кейін құрылыс-монтаж жұмыстары

## Шексіз мүмкіндіктер дәуірі

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік: ұлттық бірлік пен мемлекеттің тұтастығы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараға ел дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген түрлі саланың аға, орта және жас буын өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей тізгіндеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлібек Үсенұлы кіріспе сөзінде бабалар аңсаған азаттыққа жеткелі бері жүріп өткен жолымызға, жеткен жетістіктерімізге тоқталды. Өткенді қорытындылау алдағы дамуды жоспарлау үшін керектігін айтып, «Біз кіміз, қандай елміз, қайда барамыз?» деген мәселелерді үнемі ойлау маңызды екенін алға тартты.

– Отыз үш жылда жүріп өткен жолымызға қарасақ, Қазақстан тұтас дәуірлі бастан өткерді деуге болады. Біріншіден, біз егемендіктің барлық атрибуттарын түгендедік. Әлемдегі 9-шы территорияны меншіктеп, шекарамызды шегендедік. Екіншіден, алыс-жақын елдермен қарым-қатынасты жолға қойдық. Қазақстанның Көк Туы БҰҰ төрінде тұр. Бұл – ел тәуелсіздігі мен оның территориялық тұтастығының белгісі. Алпауыт елдердің өзі Қазақстанның бастамаларын қолдап, әріптестікті күшейтуге ынтылау. Үшіншіден, соңғы бес жылда Қазақстанда бес деңгейлі саяси реформалар жүзеге асты. Біліктің барлық тармағы толықтай сайлау жүйесіне көшті. Президенттен бастап, Парламент және мәслихат депутаттары, қала,



аудан және ауыл әкімдеріне дейін халық тікелей өзі сайлайды. Бұл – бұған дейінгі 30 жылда болмаған жаңалық, – деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.

Алғашқы болып сөз алған Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов та бір сөз өткенге көз жіберді. Өзінің жас маман кезіндегі есті естеліктерімен бөлісті.

– Тәуелсіздік алған жылдары оңай болған жоқ. Есік алдына ошақ құрып, от жағып, тамақ пісіретінбіз. Бірақ, біз оған арланбадық. Елдің болашағына сендік. Жағдайымыздың жақсаруы үшін аянбай қызмет еттік. Жастар осыны білсін, түйсінсін деп айтып отырмын. Өйткені, ертеңгі күніміз – жастардың қолында, – деді Құдайберген Бексұлтанов.

Ал, «Forever» ЖШС құрылтайшысы, «Аманат» партиясы жанындағы Қарағанды облыстық жастарды қолдау қоғамдық кеңесінің төрағасы Асқар Оразбеков тәуелсіздіктің жастардың білім алуына, кәсіппен айналысуына жасаған мүмкіндіктеріне тоқталды. Өз тәжіри-

бесімен бөлісті. – Осыдан 19 жыл бұрын мектеп бітірген соң Шанхай ынтымақтастық ұйымының арнайы гранттың иегері атанып, Шығыс Қытай ғылым және технология университетінде «Халықаралық экономика және сауда» мамандығы бойынша бакалавр және магистратураны тәмамдады. Шанхай, Қытай және Оңтүстік Кореядағы ЭКСПО-да HR бас менеджері болып жұмыс істедім. Кейін Shanghai Silkway Pte. Ltd компаниясының директоры болдым. Онда шетелдік кәсіпкерлермен кездесіп, Қазақстандағы инвестициялық ахуалын зерттей бастадым. Тәжірибе жинақтап, тоғыз жыл бұрын Қытайдан инвесторларды тартып, Қарағандыда металлургия саласында үлкен жобаны жүзеге асырдым. Қазір біздің компанияда жүздеген жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасы, – деді Асқар Беғалиұлы.

Бұдан бөлек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды



облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Әсет Арыстанбеков аталған саладағы атқарылған жұмыстарды тілге тиек етсе, білім саласының ардагері Күлш Төлеуханова өзінің көпжылдық ұстаздық тәжірибесінен түйенін әсерлі естеліктерге орап жеткізді.

Саран индустриялық аймағында орналасқан «QazTehna» ЖШС механикалық құрастыру мекені Руслан Петрусь болса, өз жұмысының ерекшеліктері туралы айтып, аталған өндіріс ошағының мүмкіндіктеріне тоқталды.

Қарағанды қаласы №2 көпсалалы ауруханасының дәрігері, аритмолог-хирург Нұрлан Елемесов аймақ медицинасының бірегей мүмкіндіктері туралы қысқаша айтып, бейнежазба ұсынды.

Ал, Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының Әзірбайжан ұлттық мәдени орталығының өкілі Бриллиант Алиева өзінің қазақ тілінде еркін сөйлейтінін аңғартты. Ел дамуына Ассамблея жастарының қосып жатқан үлесін де назардан тыс қалдырмады.

Жиынға қатысқан басқа да қонақтар өз ойларын ортаға салып, еркін пікірлесті. Алдағы уақытта Тәуелсіздік күнін мерекелуге бағытында ескерілетін жоспарлар мен идеялар да ортаға салынып, пысықталды.

Аталған шара соңында жыл бойы өз жұмысын мұлтіксіз атқарып, адалдық танытқан түрлі саланың қызметкерлері Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## «Valran» орталығындағы бақытты балалық

Облыстағы мүмкіндігі шектеулі балалар мемлекеттік білім беру тапсырысының арқасында тегін психологиялық-педагогикалық қызметтер алууда.

Бүгінгі таңда облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 18 029 бала тұрады. Олар үшін мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында және инклюзивті білім беру дамуда. Мектептерден 54 инклюзия қолдау кабинеті ашылды. Қарағандының «Valran» түзету-дамыту орталығында мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыс сәтті іске асырылууда.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Облыста 30 арнайы ұйым, 10 арнайы мектеп-интернат, 3 арнайы балабақша, 5 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация орталығы бар. Сондай-ақ, 9 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы және аутизмге шалдыққан балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді.

Жыл соңына дейін Қарағандыда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің №36 мектеп базасында (Майкұдық) және Балқаш қаласында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылады.

2025 жылы Бұқар жырау ауданында да орталық ашылады деп



күтілуде. Биыл психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мемлекеттік тапсырыс Қараған-

данының екі жеке ұйымында және екеуі Теміртауда жүзеге асырылды. Орталықтар мүжіят, конкур-

стық негізде таңдалды. Балалар ол мекемелерге ПМПК шешімі бойынша жолданды, – деді білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан.

Биыл мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 134 млн. теңгеге арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен 300 баланы қамтыды. Мемлекеттік тапсырысты іске асыруға Қарағандыдан 2 және Теміртаудан 2 кәсіпкер қатысты.

Қазіргі таңда «Aqylsana» қоғамдық қоры «Valran» түзету-дамыту орталығында 150 бала, «Ақбергенова» ЖК «ZELIN» психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде 50 бала білім алууда. Ал, Теміртаудағы балаларды дамыту орталықтарында 100-ге жуық бала білім алууда.

Мемлекеттік тапсырысты орындайтын ұйымдардың бірі «Valran» түзету-дамыту орталығы болды. Мұнда дефектологтар, логопедтер, психологтар жұмыс істейді. Мамандар заманауи оқыту және түзету әдістерін қолданады, соның ішінде, Монтессори жүйесі, АВА және арт-терапия, ROS секілді барлық қажетті жабдықтар бар.

– Балалар әртүрлі жағдаймен келеді. Әрқайсысына жеке жоспар жасалды. Тоғыз ай жұмыс істегеннен кейін біз айтарлықтай жақсарғанын көреміз. Бұрын тек жеке дыбыстарды айта алатын балалар енді сөздерді айта бастады, ал, кейбіреулері толықтай сөйлемдерді құрастырады. Біз сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын және басқа да маңызды дағдыларды дамытуға көмектесеміз. Ата-ананың көмегінсіз даму болмайды. Егер олар біздің барлық бастамамызды қолдайтын болса, онда нәтижелер орасан зор, – дейді «Valran» орталығының директоры Маржан Тұрлыбекова.

Барлық ұйымдарда арнайы

жағдайлар жасалған. Қолжетімді орта, арнайы білім беру бағдарламаларын және оқыту мен тәрбиелеу әдістерін пайдалану, ұжымдық және жеке пайдаланудағы арнайы техникалық оқыту құралдары, білікті мамандар бар.

– «Valran» түзету-дамыту орталығы 2022 жылдан жұмыс істей бастады. Туғаннан 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуы бұзылған балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді. Ашылған сәттен бері 2024 жылғы сәуірге дейін орталық тек ақылы негізде АВА-терапия, сенсорлық интеграция, АФК (Бейімделетін дене шынықтыру), арт-терапия, дефектологияның көмегі, логопед және мектеп алдындағы дайындық жұмыстарын жүргізеді.

«Valran» орталығы кемістігі мен түзету көмегін көрсету көлемі бойынша қалыптасқан 3 типологиялық топты ескере отырып, балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын алды.

Көмек көрсетудің ұзақтығы жылына 90 күннен 270 күнге дейін. Бұл көмекті дефектологтар, логопедтер, психологтар, ЕДШ нұсқаушылары, мамандар жүзеге асырады.

2022 жылдан бастап, Орталық келісімшартқа қол қойып, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Арнайы және инклюзивті білім беру» кафедрасының филиалы болды, – деп атап өтті орталықтың басшысы Маржан Тұрлыбекова.

Биыл қыркүйекте Орталық базасында тағы екі – Психология кафедрасы және мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық дайындық кафедрасы филиалдарының салтанатты ашылуы өтті. Таяуда Орталық медициналық реабилитология, қалпына келтіру емі және емдік массаж сияқты қызметтерді көрсетуге медициналық лицензия алды.

– Бүгінде балалар орталыққа қуана-қуана барады. Ата-аналар-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

дың айтуынша, балалардың дамуында оң өзгерістер бар, – дейді Айғаным Өмірзаққызы.

Ата-аналардың айтуынша, ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-аналар үшін мемлекеттің қолдауы маңызды және құнды. Айтарлықтай нәтижелер байқалады. Білікті логопед, дефектологтардың еңбегінің арқасында біріккен жұмыстар атқарылууда.

– Біз «Valran»-ға екінші жыл қатарынан келіп жүрміз. Мен керемет нәтижелерді байқаймын. Егер бұрын олар далаға тыныш шыға алмаса, қазір бәрі өзгерді. Балалар сабырлы, оқуды оңай менгерді, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыра бастады. Биыл сабақтар біз үшін тегін болды, бұл қаржылық жағынан айтарлықтай көмектесті. Өйткені инклюзивті білім арзан емес, – дейді Марина Русанова.

Орталық мамандарының айтуынша, мемлекеттік тапсырысты іске асыру тәжірибесінің әлеуметтік тиімділігі де бар. Соның арқасында 27 отбасы балаларына түзету-тарату сабақтарын төлеу үшін ай сайын несие алуы тоқтатқан. Бос уақыт пайда болғандықтан 10-ға жуық ата-ана жұмысқа орналасқан.

Алдағы уақытта білім басқармасы мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруды жалғастырады. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау саласында қызмет көрсетумен айналысатын облыс кәсіпкерлерін конкурстық рәсімдерге қатысуға шақырады. Бағдарламаға кем дегенде 300 бала қосылады деп күтілуде. Сондай-ақ, жыл соңына дейін Қарағандыда ПМПК және Балқашта психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЕСЕБІ

## Аймақтың игілігі мен сайлаушылардың мүддесі үшін

Қарағанды облыстық мәслихаты сегізінші шақырылымының екінші жұмыс жылы өз мәресіне жетті.

Бүгінгі таңда Қарағанды облыстық мәслихатының 36 депутаты өз өкілеттіктерін жүзеге асыруда.

## Сессиялар туралы

Мәслихаттың қызметі ашықтық және айқындық режимінде атқарылады.

Жұмысқа мемлекеттік, құқық қорғау органдарының басшылары ғана емес, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысады.

Облыстық мәслихаттың депутаттық корпусы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын, облысты дамыту жоспарын және стратегиялық сипаттағы басқа да құжаттарды іске асыруға байланысты мәселелерді басты назарда ұстайды.

Сессия жергілікті өкілді орган қызметінің негізгі нысаны ретінде біздің жұмысымызда басты орын алады. Депутаттар сессияларда қарастырылып отырған мәселелер бойынша ұжымдық шешім қабылдау алаңына айналдыру үшін бар күш-жігерін салады.

2024 жылы облыстық мәслихатта 10 сессия өткізілді, оның 6-уы кезектен тыс. 105 шешім қабылданды.

Депутаттар қаралатын мәселелер бойынша талқылауларға белсенді қатысады. Сессияларда депутаттар Қадина Оспанова, Аян Әбдікерімов, Бейбіт Досжанов, Игорь Жабяк, Мира Махатчина балама анықтамалармен сөз сөйледі.

14 мемлекеттік мекеме басшысының баяндамалары тыңдалды.

Сессияда депутаттар: 2024 жылға арналған облыстық бюджеттің өзгерістері мен толықтыруларын бекітті; медицина және фармацевтика қызметкерлерінің әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін анықтады; жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін; жолаушыларды әлеуметтік маңызды бар автомобильмен тасымалдауға арналған тарифтерді; жеке меншікке берілген кезде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерін; меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгіледі; «Қарағанды облысындағы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жай-күйі туралы: мәселелер және оларды шешу жолдары», «Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинаудың, сұрыпталуды және кәдеге жаратудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы», «Суармалы жерлердің алаңдарын қалына келтіру, ұлғайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» мәселелерді қарады; зейнеткерлік жастағы адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Алтын жас» бағдарламасын бекітті; Облыста жылыту маусымын дайындау және өткізу қағидаларына; Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына; Үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларына; Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау қағидаларына; Қалалар мен елді мекендердің аумағын абаттандыру қағидаларына; Елді мекендердің жасыл екпелерін құру, күтіп ұстау және қорғау қағидаларына өзгерістер енгізді; аудандарлық (облысшілік, қалаларлық) қатынаста жолаушыларды тұрақты әлеуметтік маңызды бар автомобильмен тасымалдауға арналған тарифтерін; азаматтық қызметшілер болып табылатын және оларға бюджет қаражаты есебінен 25%-дан кем емес лауазымдық жалақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін бекітті; амбулаториялық емдеу кезінде азаматтардың жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің, оның ішінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың кепілдік берілген көлемін қосымша ұсынуды қолдады.

Сондай-ақ, депутаттар облыстық бюджеттің атқарылуы және облыстың 2023 жылғы даму жоспары туралы есептерді бекітті; алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджетті бекітуді қолдады.

Қарағанды мен Бұқар жырау ауданының шекараларын өзгерту, Қарағанды агломерациясын дамытудың кешенді жоспарын бекіту сияқты маңызды жобалар бойынша мәселелерді қарады және шешімдер шығарды.

Мемлекет басшысының «Әкімдердің мәслихат депутаттары алдындағы есептері туралы» Жарлығына сәйкес ағымдағы жылдың қыркүйек айында депутаттық корпус облыс әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебін қарады.

Есепті талқылауда депутаттар Игорь Жабяк – АӨК субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру туралы, Михаил Коновалов – кәсіпкерлерді одан әрі қолдау қажеттілігі туралы, Ерден Халилин – спорттық инфрақұрылымды дамыту туралы ұсыныстарын ортаға салды.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша қабылданған барлық шешімдер облыстық мәслихаттың сайтында жарияланған.

## Тұрақты комиссиялардың қызметі

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады, олардың



төрағалары мен мүшелері оның депутаттары арасынан сайланады. Бейінді комиссиялар сессиялар күні тәртібі бойынша, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін сессияда тыңдау туралы мәслихатқа ұсыныстар енгізуге; олардың қарауына жатқызылған мәселелер бойынша қорытындылар беруге құқылы.

Тұрақты комиссиялардың құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылданады.

Сессиялардың қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау, мәслихат шешімдерін іске асыруға жәрдемдесу және бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін мәслихатта 5 тұрақты комиссия жұмыс істейді:

Бюджет, жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның (комиссия мүшелері – А.Б.Әбдікерімов, Р.Қ.Әбдікерімов, Б.Қ.Алтынбеков, М.А.Коновалов, Ж.Серікұлы, О.С.Нұрқазов, Г.С.Токсамбаев) назарында келесі мәселелер болды:

«Мемлекеттік кірістер департаментінің және салық салынатын базаны кеңейту жөніндегі басқа да уәкілетті органдардың жүргізіп жатқан жұмысы туралы»;

«Ақтоғай, Қарқаралы аудандарында өңірлердің бюджеттік дербестігі және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту туралы»;

«Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2024 жылы өткізген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары бойынша аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қарау туралы»;

«Қарағанды облысында жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу барысы туралы»;

«Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына (объектілер тізбесіне) мемлекеттік аудит объектілерін қосу туралы ұсыныстар енгізу туралы».

Өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия (комиссия мүшелері – С.М.Әдекенов, Е.Т.Әбділин, И.В.Жабяк, И.В.Георгиади, А.Г.Куприенко, В.А.Шнел, В.П.Шетинин);

«Арнайы экономикалық аймақты және «SARAN» индустриялық аймағын дамыту туралы», «Қарағанды облысының аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын сақтау туралы», «Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» сияқты мәселелерді қарады.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның депутаттары (комиссия мүшелері – К.Б.Оспанова, Е.Б.Халилин, М.Башай, А.Т.Ескалиева, А.Б.Жұмағұлов, Л.Т.Қожахметов, З.Х.Шалабаева) келесі төмендегі мәселелерді қарады:

«Зертханалық және жұқпалы аурулар бөлігінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама ісі қызметінің проблемалары туралы»;

«ҚККО, оның ішінде АХАЖ жұмысының тиімділігі туралы»;

«Қоғамдағы мәдениет деңгейі туралы. Идеология, дүниетаным мәселелері және оларды өзгерту жолдары»;

«Қарағанды облысының тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету туралы Үкімет қаулысының іске асырылу барысы туралы»;

«Қазіргі әлемдегі дін. Проблемалық мәселелер және деструктивті ағымдармен жұмыс»;

«Нашақорлықтың алдын алу жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы»;

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссия мүшелері (депутаттар – Б.С.Досжанов, Е.Б.Жүнісов, С.-М.Т.Казитов, А.Е.Карин, А.В.Ляпунов, М.А.Махатчина, А.Л.Сокульский);

«Қарағанды облысының елді мекендерінде сумен жабықтау, су бұру және сарқындар суларды тазарту жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы»;

«Қарағанды облысын газдандыру бағдарламасын іске асыру туралы»;

«Қарағанды облысы бойынша байланыс, мобилді байланыс және цифрландыру жүйелерінің жай-күйі мен даму перспективалары туралы»;

«Қарағанды облысы бойынша автомобиль жолдарын жөндеу жөніндегі істердің жай-күйі туралы»;

«Ауылдарды, кенттерді, ауылдық округтерді ауыз сумен қамтамасыз етудің жай-күйі мен перспективалары туралы»;

«Қарағанды облысы бойынша 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындық туралы»;

«Жылу және электр энергиясына тариф белгілеу туралы» сұрақтарды қарау жөнінде бастама жасады.

Депутаттық өкілеттіктер, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия (комиссия мүшелері – М.С.Әбілов, А.К.Калыков, А.Ж.Әлімжанов, А.Ж.Алпысбаев, А.Ж.Аманжолов, Е.М.Буслаев, А.Б.Оразбеков);

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою туралы»;

«Шомылу маусымының өтуі туралы»;

«Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы»;

«Дін экстремизміне қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс туралы»;

«Қарағанды облысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» мәселелерді қарады.

Сессиялық қызмет барысында облыстық бюджетті қалыптастыру, оның орындалуы, өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесіне баса назар аударылды. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджетті қабылдау алдында тұрақты комиссиялардың отырыстарында талқылау рәсімі өтті. Алдағы кезеңге арналған бюджетті жоспарлау мәселесі бойынша жұмыс мәслихатта 2 айна жуық жалғасты.

Депутаттар барлық облыстық басқармаларды тыңдады. Талқылаулар барысында бюджеттің шығыс бөлігін жоспарлау бойынша 39 ұсыныс пен ұсыным енгізілді. Сессия жұмысына тұрақты комиссия төрағаларымен қатар Рыскалы Әбдікерем, Еркем Әбділин, Арман Әлімжанов, Меруеш Башай, Евгений Буслаев, Елдос Жүнісов, Сейфул-Мәлік Қазитов, Абсалым Карин, Александр Куприенко, Мира Махатчина, Зара Шалабаева және басқа да депутаттар белсенді қатысты.

Есепті кезеңде 2024 жылға арналған қабылданған жұмыс жоспарларына сәйкес бейіндік комиссиялар 26 отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша 50-ден астам ұсынымдар қабылданды. Қаулылардың іске асырылуы бейінді комиссиялардың тұрақты бақылауында болады. Оларды іске асыру туралы толық ақпаратты тұрақты комиссиялардың төрағалары 2025 жылы бірінші кезекті сессияда ұсынатын болады.

## Қазақстан Республикасының Парламентінен өзара іс-қимылы

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарымен жұмыстың жаңа форматтың арқасында облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының мүшелері жоғары өкілді органның бейіндік комитеттері жанындағы түрлі жұмыс топтарының құрамына енді. Депутаттар жыл бойы бюджет және салық кодекстерінің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің; балалардың қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі заң жобаларының; білім беру; денсаулық сақтау; әлеуметтік қорғау; жұмыспен қамту; үкіметтік емес ұйымдардың қызметі; ойын бизнесі мен лотереяны реттеу; санитарлық қауіпсіздік; жол қозғалысы қауіпсіздігін цифрландыру және т.б. жобаларын талқылауға қатысты.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарымен бірлесіп, облыс өңірлерін дамытудың өзекті мәселелері республикалық деңгейде қаралуда. Ағымдағы жылдың қаңтар және шілде айларында облыстық мәслихат депутаттары ҚР Парламенті депутаттарымен бірлесіп, өңірлерге барып, сайлаушылармен кездесті. Тұрғындармен кездесу қорытындысы бойынша біз облысымыздың 61 өзекті мәселесін көтердік. Олардың ішінде – Ақтоғай ауданының Шашубай кентінде, Ақтоғай ауылында, Шет ауданының Красная Поляна ауылында, Әліхан ауылында, Балқаш қаласының Шұбартүбек кентінде, Торанғалы кентінде, Приозерск қаласында ТҚШ объектілерін салуға (реконструкциялау); Бұқар жырау ауданының Петровка ауылында, Ботақара кентінде, Қушоқы кентінде, Қарқа-

ралы ауданының Егіндібұлақ ауылында, Шет ауданының Нұра ауылы, Ақсу-Аюлы ауылында әлеуметтік маңызды бар объектілерді салуға (реконструкциялау); жолдар желісін дамытуға республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға жәрдемдесу туралы; сондай-ақ, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне абаттандыру ережелерін бұзу бөлігінде, апаттық және апат алдындағы үйлердің қауіп-қатерін болдырмау мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі және басқа да мәселелер бар.

## Облыстың қалалары мен аудандарының мәслихаттарымен бірлескен жұмысы

Облыстық мәслихат жұмысының тәжірибесіне өңірлердегі әріптестер мен қоғам өкілдерінің қатысуымен бейінді комиссиялардың кеңейтілген отырыстарын өткізу енгізілді. Есепті кезеңде осындай 32 отырыс өткізілді, онда 50-ден астам мәселе қаралды.

Жоспарлы іс-шаралардан басқа, жергілікті жерлердегі ахуалды мониторингілеу үшін қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттарымен бірлесіп, көшпелі кеңестер ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың басынан бастап, депутаттар күрделі, ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатқан 26 құрылыс нысандарының жай-күйімен танысты.

Жаңы тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау және кәдеге жаратуы ұйымдастырумен танысу мақсатында депутаттар 18 көрсетілетін қызметті берушілердің кәсіпорны мен КТҚ полигондарын аралады. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жай-күйін зерделеу үшін депутаттар 120 білім беру объектісіне барды. 15 елді мекенде Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізілді. Осы жылы жұмыс топтарының 36-дан астам сапары ұйымдастырылды.

Олардың жұмыс қорытындысы бойынша 87 ұсыныс әзірленді. Жергілікті атқарушы органдардың қарауын талап ететін барлық мәселер облыстың қалалары мен аудандарының әкімдеріне жеткізілді.

## Қарағанды облысының әкімдігімен өзара іс-қимылы

Облыстық мәслихат өз өкілеттігін Қарағанды облысының әкімдігімен тығыз байланыста жүзеге асырады. Тар салалық мәселелерді шешу үшін біз үш жылдық кешенді даму жоспарларын қабылдау қажеттілігі туралы ұсыныстар енгіздік.

Облыстық басқармалармен бірлесіп білім беру, денсаулық сақтау саласындағы проблемалық мәселелерді жүйелі шешу жөніндегі іс-шаралардың перспективалық жоспарлары әзірлену, олардың аясында білім беру объектілерін күрделі жөндеуге; қажетті жабықтарды сатып алу және бірнеше ауруханалардың корпустарын жаңартуға; медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға қаражат бағытталатын болады. Депутаттық корпустың бастамасы бойынша көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары; білім беру саласындағы анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылуда.

2024 жылы орталық мемлекеттік органдарға өзекті мәселелер бойынша 10 ұсыныс енгізілді. Қазақстан Республикасының Парламентіне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, салық салу, ТЖКБ ұйымдарының қызметін жетілдіру, балаларға паллиативтік көмек көрсету, құқық қорғау органдары қызметкерлерін медициналық қамтамасыз етуі қолдау, жеке тұлғаларды қуажаттандыру және басқа да мәселелер бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы 16 өтініш жолданды.

Депутаттық өтініштер жолдау құқығы белсенді қолданылады. Атқарушы органдарға ТҚШ және абаттандыру, әлеуметтік маңызды бар объектілерді салу, кәсіпкерлікті субсидиялау, цифрландыру, медициналық оқу орындарына гранттар бөлу және басқа да мәселелер бойынша 239 депутаттық өтініш жолданды.

Депутаттар өздерінің тікелей өкілеттіктерін орындаудан басқа облыс әкімі жанындағы 16 түрлі консультативтік-көмекші органдар мен жұмыс топтарының құрамына кіреді. Биыл облыстық бюджет комиссиясының құрамына облыстық мәслихат депутаттары да кірді.

## Азаматтарды жеке қабылдау және сайлаушылармен кездесу

Азаматтарды жеке қабылдау бойынша жұмыс біздің қызметіміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Есепті кезеңде облыстық мәслихат депутаттары 1270 сайлаушыны қабылдады. Келіп түскен өтініштердің жартысынан көбі оң шешілді, қалғандары бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес түсініктемелер берілді.

Мұндай қабылдаулар әрбір облыс тұрғынының қажеттіліктері мен ұсыныстарын тыңдап, оларды заңды түрде қорғауға және көмек көрсетуге бағытталған.

8-ші шақырылым жұмысының басынан бастап сессиялық мәселелерді қарау, өңірлерге шығу қорытындылары бойынша сайлаушылардың мәселелерін шешу мақсатында біз таяу және орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін 119 мәселенің пулын анықтадық.

2 жылдық депутаттық қызмет барысында бастамалардың 37% іске асырылды. Спорт, білім беру және денсаулық сақтау объектілеріне жөндеу және қосымша жаратандыру жүр-

гізілді, әлеуметтік маңызды бар маршруттар бойынша тасымалдарды субсидиялау көлемі ұлғайтылды, мемлекеттік дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу ұлғайтылды, ауылда пәндік сыныптардың жұмыс істеуіне қаржыландыру кезең-кезеңімен ұлғайтылды. Сонымен қатар, облыстық бюджеттен қаражат бөлуі талап ететін шешілмеген мәселелер қалып отыр. Біз оларды толық шешіміз тапқанға дейін бақылауда ұстаймыз.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия депутаттарының бастамасы бойынша атқарушы органдар, ЖОО, жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жастар саясатын іске асырудың өзекті мәселелері бойынша көпшілік тыңдаулар өткізілді. Оларды өткізу қорытындысы бойынша осы саладағы мәселелердің кең ауқымын қамтитын 23 ұсыныс жиналды.

Депутаттар қоғамдық іс-шараларға және қайырымдылық акцияларына үнемі белсенді қатысады.

Депутаттық корпус көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған азаматтарға, паралимпиада ойындарының жас спортшыларына үнемі көмек көрсетеді. Көктемгі су тасқынынан зардап шеккен көрші облыстардың тұрғындарына гуманитарлық көмек жіберілді. Ағымдағы оқу жылының алдында жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

## Дәстүрлі құндылықтардың маңыздылығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады» деп атап өтті.

Осыған байланысты, облыстық мәслихат та күш-жігерді қоғамдағы еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілетуге бағыттады. Облыста жыл сайын өмірдің түрлі салаларындағы үздік қызметкерлерге құрмет көрсетудің маңыздылығы артып келеді. Биыл түрлі ұйымдардың 43 қызметкері облыстық мәслихаттың Алғыс хатымен марапатталды.

## Мерейтойлық жыл

Биылғы жылдың маңызды оқиғасы – Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуы. Мерейтойлық дағуда орай облыстық мәслихат депутаттары бірқатар әлеуметтік, мәдени, спорттық, экологиялық іс-шаралар өткізді.

Зияткерлік ойындарды насихаттау мақсатында Парламент Сенатының қолдауымен «Senat Open» шахмат турнирі, тоғызқұмақтан «Абай жүлдесі» турнирі өткізілді.

Депутаттардың біліктілігін арттыру бойынша тренингтер ұйымдастырылды.

«Дәстүр» коллоквиумерге арналған этно-мәдени орталық ашылды.

Балаларға паллиативтік көмек көрсету, нашакорлыққа қарсы іс-қимыл, онкологиялық аурулардың алдын алу мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оқыту тренингі өткізілді. Ауылдық жерлерде балалар арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

«Бочка» инклюзивті спорт түрінен турнирлер өтті. Қарттар үйінде және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мақсатында «Жүректен жүрекке» акциясы өткізілді.

Депутаттар Мемлекет басшысының бастамасымен қоршаған ортаны қорғау, абаттандыру және қолдандыру бойынша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсенді қатысты. Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттарымен бірлесіп Кеншілер даңғылындағы саябақта қылқан жапырақты ағаштар отырғызылды.

Облыстық мәслихаттың қалыптасу және даму тарихы туралы бейнемагистрал шығарылды. Депутаттық корпус ардагерлерінің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының және қоғам өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бірқатар депутаттар жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға қосқан үлесі үшін ведомстволық құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Облыстық мәслихат жанында «Атапай» партиясының депутаттық фракциясы жұмыс істейді. Депутаттардың ұсынысы бойынша «Бірлік» депутаттық тобы құрылды, оның қызметі Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік органдармен, Қазақстан Республикасының Парламентімен және барлық деңгейдегі мәслихаттармен өзара іс-қимылын күшейтуге бағытталатын болады.



• ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰЛҒАЛАРЫ

# Саяси элита сардары

**Ерсін МҮСАБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік! Ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап, бірнеше буын ұрпақтың жүрегіне құндақталған ұлы ұғым, ұлы қасиет, ұлы құндылық! Әлімсақтан қазақтай ұлы халықтың арманы болған Азаттық бүгінгі ұрпақтың баға жетпес бақытына айналды. Иә, ол кеше арман болған, бүгін – ақиқат.

Дүниеге әуелі Тәуелсіздік идеясы келген. Бұл идея сол халықпен бірге өмір сүріп, бірге жасайды. Яғни, ол – ұлттың тағдыры. Әрине, саяси элитасы, саналы халқы болса, Тәуелсіздік идеясы түптің-түбінде жүзеге асады. Бізде де Тәуелсіздік идеясы ғасырлар бойы ұлт тағдырымен тамырлас болып, қазақ халқымен бірге жасап келді. Дегенмен, бізде ХХ ғасырға дейін мемлекеттік құрылым болмады деп кесіп айтуға болмайды. Сонау Алтын Ордадан бастап, Қазақ хандығы, кешегі «Алашорда»... Осылардың ішінде «Алашорданың» ғана асыл мұраты идея ретінде тұншықтырылды. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары бәрібір тәуелсіз мемлекет құра алмайтын еді. Өйткені, олардың идеясы жаппай, мақсатты қуатты болғанымен, мүмкіндігі шектеулі болды. Алаш идеясының төңірегіне топтасқандар арасында оқыған азаматтар болды. Тіпті, болған жоқ десе де болар...

Ал, 1990 жылы 25 қазанда «Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы» Декларация қабылдап, 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздігімізді жариялаған тарихи сәтте біздің саяси элита салмақты болатын. Әдетте, өткенге шолу жасап, тарихи оқиғаларды таразылай қалатын болсақ, «Тарихты тұлғалар жасайды» деген қағидаға сүйенеміз ғой. Сол сияқты, Тәуелсіздік идеясының көшбасшыларын тарих, заман өзі тудырды.

Менің бүгінгі кейіпкерім де өз заманына дөп туып, халқының бағына жаралған, жаңа дәуірдің тынысын тамыршыдай дұла басып, Тәуелсіздікті нығайтуға ерен еңбек сіңірген тұғырлы тұлға. Ол – тәуелсіз Қазақстандағы саяси элитаның сардары Оралбай Әбдікәрімов. \*\*\*

...Шығармашылық еңбек жолымды Жезқазған қалалық «Дидар» телеарнасында бастағанмын. Жезқазған облысы 1997 жылы Қарағандыға қосылып, облыстық телерадио комитеті де жабдығын облысқа жөнелтіп, жабылды да қалды. Қаланың сол кездегі әкімі марқұм Жұмамәди Ибаділдиннің қайраткерлігі

арқасында көшкен жұртта қаңырап қалған ғимаратта қалалық телеарна құрылды. 1999 жылы телеарна директоры болып белгілі сатирик, танымал журналист, менің ұстазым марқұм Базарбай Әлеуханұлы тағайындалды. Қылшылдаған қырық жастағы Базаға келген бетте кәсіпорын құжаттарын түгендеуге кіріседі. Сөйтсек, телеарна екі жыл бойы лицензиясыз жұмыс істеп келген екен. Қысқасы, хабар тарату радиусын белгілеп, белгілі бір мөлшердегі әуе толқынын заңдастырып алуға міндетті екенбіз. Бізде ол болмаған.

Базаға ат қонды. Екі күннің бірінде Астана шапқылайды. Қарағандыға сапарлайды. Директорлығының алғашқы бір жарым жылы лицензия машақатымен өтті. Екі жыл құжатсыз жұмыс істеген уақытқа қыруар айыппұл төлеуіміз керек. Сол кездегі мемлекеттік тапсырыс қаражатының мәрдымсыздығы сол, айыппұл төлесең, қызметкерлер айлық еңбekaқысыз қалады. Иманды болғыр Базарбай ағаның ашпаған есігі, қақпаған қақпасы қалмаған.

Бір күні «Оралбай Әбдікәрімовтің қабылдауына жазылдым», – деді. Ол жылдары Оралбай аға Сенат төрағасы болатын. Жоғары палата спикеріне кірудің қаншалықты қиын екенін білесек те, хабар тарату лицензиясын Сенат төрағасы тартпасынан суырып алып бере салатындай қуанып біз жүрміз. Өйтеуір, екі жылға жуық жыр болған сол лицензияның қайтарылуына қажырлы қайраткер, руханият жанашыры Оралбай Әбдікәрімовтің тікелей ықпал еткенін жақсы білеміз. Бұл – жоғары деңгейдегі мемлекеттік шенеуніктің ұлт руханиятына деген жанашырлығын танытатын бір ғана деталь. Жұмысын лицензиясыз, екі тұрмыстық бейнекамера, бір монтаж үстелімен бастаған сол қалалық телеарна қаншама буын жас журналистердің мектебі, шығармашылық ұстахана айналып, қазіргі облыстық «ULYTAU» телеарнасының қарашырағы болып отыр.

...Біздер – телеарнаның жас тілшілеріміз. Жезқазғанға Алматы, Астанадан келмейтін мейман жоқ. Ұлт бесігі Ұлытауға тәу етіп келген ақын-жазушылар да, қайраткерлер мен депутаттар да Жезқазғанға соқпай өтпейді. Арасында Ұлытаудың қасиет-киесін танымақ түгілі, ұлы бесікті Қазақстан картасынан көрсете алмайтын шенеуніктер де ат шалдырады. Солардың біразымен сапарлас болдық. Арасында Ұлытауға ерекше ықыласпен келіп, тебіреніспен аттанған үш қайраткермен болған сапарым есімде ерекше сақталыпты. Олар – қазақтың ақын қызы Фариза



Сурет шық. дереккөзінен

Оңғарсынова, өнер тарланы, сазгер Илия Жаканов және белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов. Осындай ұлылармен сапарлас болуыма себепші болған ұстазым Базарбай Әлеуханұлының аруағына екі дүниеде ризамын.

Оралбай ағамен бірге қала әкімі Жұмамәди Ибаділдин және бірқатар жезқазғандық азаматтар жолға шықтық. Бағытымыз – Ұлытау, Едіге тауы. Басына тірлігінде егесін өткен қос алып Едіге мен Токтамыс қатар жерленген биік тауға шыққанша інгіме тиегі ағытылды. Жұмекең марқұм мен керемет шенеуніктердің ішінде тарихқа жүйрік, шежіреге шебер керемет сұңғыла адам еді. Мәртебелі мейманымыз Оралбай аға да қалыс қалмады. Екеуі Едіге мен Токтамысқа қатысты аңыздан кезек толғап, Ұлытау сілемдерінің ең биік шыңы Едіге тауына қалай шыққанымызды аңғармай қалғанбыз...

Қазақтың тарихы тұрмақ, өзінің ана тілінде сөйлей алмайтын депутат-министрлерге көз-қулағымыз үйреніп қалған біздер Оралбай ағаның биік парасат, терең біліміне танданып, тандай қаққан едік. Сөйтсек, Оралбай ағаның тектілік тамыры тереңде жатыр екен. \*\*\*

Ол – ауыл баласы. Нұрлы Нұраның перзенті. Бір жарым жасында әкесі өмірден озып, жері ана тәрбиелеген төрт баланың кенжесі.

– Ес білгенде әкемді іздедім. Әкемнің жоқ екенін, бұл жалғаннан ерте көшіп кеткенін сезінгенде көңілім қонылтықсып, жүрегіме шер тұнды. Әкесі бар балаларға қызықтым. Бірақ, жетімдік тауқыметін алдымдағы есейіп қалған ағаларымның қамқорлығы арқасында аса сезіне қоймадым. Ағаларыма қарап бой түзеп, солардың ақыл-кеңес, бағыт-бағдарымен бақытыма ұмтылдым, – дейді бірден өзін дәріштеп, мақтанудан аулақ ниет танытқан Оралбай аға.

Ұлытау сапарындағы шешендігінен жұрнақ та қалмаған ба деп қалдым алғашқыда. Жоқ, олай емес екен. Өзі тура-лы шешіле қоймаса да, ел мен жердің тарихы, бабалар ұлағаты, ағалар шапағаты дегенде, көсіліп береді. Арқада «Жақсылардың соңы» атанған Телғозының Шоңы туралы, сұңқар Сәкен туралы әңгімелегенде жорғадай жосылтады. Қарағанды төңірегінің шежіресін, ескі кеніштер тарихын, Нұра, Есен бойындағы жер-су аттарын қос отырып баяндағанда, қарсы алдында мосқал тартқан кешегі шенеунік емес, бағының шежіреші қариясы отырғандай қабылдайсың...

Оралбай ағаның анасы Бибіжан әже ауыл-аймаққа ықпалды, өте мейірімді, ағайын-туысқа жанашыр да, қадірлі жан болғанын Оралбай аға туралы жазылған эпсаналардан талай оқығанбыз. Республикалық телеарналар дайындаған хабарлардан

да тыңдаған едік. Перзенттерін адамдық пен адалдыққа баулып, қас-қабағымен де, ас-тамағымен де елге жаққан ғазиз ана ғасырға жуық (98 жасында қайтыс болған) ғұмыр кешкен. Ел анасы атанып, кенже ұлының мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлікке жеткенін көрген бақытты ана.

Анасы туралы сөз қозғалғанда Оралбай ағаның толқып кеткенін аңғардым. Сексеннің сегізінше қадам басып отырған қарт адамның жанарына жас үйіріп, кемсендеп қалғанын көру өзіндік де толқытып жібереді екен... Анаға деген махаббаты мен сағынышының шынайылығы көрініп-ақ тұр. Ал, шынайылық азаматтың ажары ғой, шіркін!

...Балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр жылдарға дөп келді. Бала болып ойнаған жоқ. Жарқырап киініп, тойып тамақ ішкендері де есінде жоқ. Еңбекке ерте араласып, 6-7 жасында соқа желіген өгізге отырды. Пішен шауып, астық бастыруға қатысты. Осы Орағандардың дәуірінде отбасы тұрмысының ауырлығына байланысты мектепке кеш барған немесе мектепті ерте тастап кеткен замандастары көп қой. Ал, Оралбай аға оқудан қол үзбепті.

Өмір жолында жақсы адамдардың көп кездескенін, солардың шапағатын көргенін әсерлі әңгімелейді. Алыс жылдар қойнауында қалып кеткен мына бір оқиғаны сағыныштың сазына тербеле отырып әңгімелеп берді.

– 5-6 сынып оқитын кезім болар. Анам марқұм 15 жұмыртқа берді де: «Базарға барып өткізіп келе қойшы» деді. Шап-шағын шелектегі жұмыртқаларды алып, базарға бардым. Шеткерірек жерге отырып алып, он бес жұмыртқамды саудалап жұтырмын. Бір кезде ұстазым марқұм Зинаида Ефимовна келіп қалсын. Сауда жасап отырған мені көріп, бұрылды. Жүзіне мейірім тұнған жан еді. Күлімсіреп келіп, барлық жұмыртқамды сатып алды да: «Болдың ба? Жүр, қайтайық» деді. Содан жол бойы маған алансыз білім алудың маңыздылығын, әр нәрсенің өз уақыты болатынын айтып: «Сені енді базардан көрмейтін болайын. Үйінде жиналған жұмыртқа болса, маған айт. Мен барлығын өзім сатып аламын. Сен базарда уақыт өлтірмей, сабағыңды оқы. Сенің талабың – зор, сенен бірден шығады» деп, жылы жымып қоштасты. Зинаида Ефимовнаның сол сөзі керемет әсер етті. Өмірлік сабақ болды. Сол күнгі оқиғадан кейін қолым қалт етсе, сол уақытымыз оқуға, ізденуге арнайтын болдым, – деп бір тоқтады.

...Өзі туралы әңгіме осымен тәмам. Тағы да Сәкен бабасының



биылғы 130 жылдық мерейтойы мен ұлы қаламгердің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуар-романына ойысып кетті. \*\*\*

Өзі туралы жарытып ештеңе айта қоймайтынын сездім де, әңгіме арнасын ерең дегенде Тәуелсіздік тағылымы, мемлекетшілдік рух тақырыбына бұрған болдым. Байырғы мемлекеттік қызметшінің бүгінгі қоғам, «Әділетті Қазақстан» құрылысы туралы пікірін білмекке ұмтылдым.

– Мен «Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы» Декларация қабылданған кезде де, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданған кезде де ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымдағы депутаты едім. Қазақстан тарихындағы ең маңызды осы екі құжат та аса күрделі жағдайда қабылданды. Тегеурінді қарсылық, шовинистік пиғыл ашық аңғарылып тұрды. Осы екі құжатты талқылауға қатысып, қабылдауға дауыс берген депутат ретінде өзімді өте бақытты сезінемін. Одан кейінгі өмір жолым осы Тәуелсіздікті баянды, Қазақстанды тұғырлы етуге бағытталғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Тек қана, ертеңгі уақыт пен келер ұрпақ алдында ұятқа қалатын іс жасамағанын үшін қуанамын.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы біздің буынның да өмір бойы ұстанымы болғанын баса айтқым келеді. Мақтанды демездер, мен – бар ғұмырымда әділдік үшін күресіп, адалдыққа ғана арқа сүйеген жанмын. Сондықтан да, «Әділетті Қазақстан» идеясының жақтаушысы, қолдаушысы болып қала беремін! – деді.

Өзі туралы бір ауыз айтты-ау, әйтеуір.

...Иә, бүгінгі Тәуелсіздік күні мерекесінде біз сан ғасырға жақ болған ұлы идеяның жүзеге асқан сәтінен бүгінгі күнге дейінгі жылынамызда, яғни, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрып, нығайтуда ұшан-теңіз еңбек сіңірген қайраткер тұлғаларға құрмет көрсетуге тиіспіз. Еңбек жолын көмірлі Қарағандыда бастап, Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі, Президент Әкімшілігінің басшысы, Сенат төрағасы, Мемлекеттік хатшы секілді аса жоғары лауазымды қызметтер атқарған Оралбай Әбдікәрімов – осындай құрметке барынша лайықты тұлға!

Қадірлі аға, қажырлы қайраткердің 80 жас мерейтойы құтты болсын!

# Ұлт рухының ұлы жеңісі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тәуелсіздік – еркін ой, бостандыққа ұмтылған сананың шарықтауы, сосын шексіз мүмкіндіктердің жарқын әлемі. 16 желтоқсан. Кен даламыздың жұмпыр тосын аралай ұшып жеткен бозторғайдай, әр қазақтың жүрегіне мақтаныш пен жауапкершіліктің ұшқынын жағатын, болашаққа ұмтылуға сарқымас жігер сыйлайтын ұлт мерейі болып қала бермек. Балбал тасы басын көтергендей, ондағы қашалған жазу да бәрі-бәрі осы мерекенің қасиетін еселей түседі. Бұл – тарихтың соқпағында жоғалмайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жұлдыз-даңқы аспаннан биік мәңгілік мұра. Тәуелсіздік таңы бізге аманат!

## Жаңа жазу

«Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүдделімізге сай келетін көптомдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі оқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыннан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқылықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғы-

сынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет», – деп ордалы ойын алға тартқан Президент ең қажетті мәселеге үндейді. Отыз күн ойланyp, тоғыз күн толғанған, салмағы қорғасыннан ауыр зият пікір. Оқшау ой.

Президенттің баянды бастамасы еркін елдің тарихи санасын жаңғыртуға маңызды мәселені айқындап жол. Ұлттық тарихты жаңа ғылыми тұрғыда қайта жазу – тек өткенді түсініп, баянлаумен шектелмей, болашаққа бағдар жасауға негіз жоралғы. Тәуелсіздік жылдарында көптеген талпыныстар жасалғанына қарамастан, Қазақстан тарихының жан-жақты әрі терең зерттелген академиялық үлгісін қалыптастыру әлі де өзекті. Мемлекет басшысы ұсынған көптомдық жаңа тарихты жазу бастамасы – болмыс бітімсізді жаңғырту арқылы ұлттың бірегейлігін нығайтуға арналған кешенді жоба. Өткен дәуірлердің құнын алырлық жұмысқа тек қазақстандық беделді тарихшыларды ғана емес, шетелдік ғалымдарды да жұдырықтай жұмылдыра отырып, халықаралық деңгейде зерттеулер жүргізудің маңызы терең. Мұн-

дай көзқарас тек объективті әрі дәлелді деректер негізінде ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мүддесі сай келетін заманауи ғылыми ұстанымдарды басшылыққа алады. Жаңа тарих мектеп оқулықтарынан бастап, жоғары білім беру бағдарламаларына дейін енгізіліп, ғылыми және педагогикалық тәсілдердің негізінде дайындалуы қажет-ақ. Тарихтың көптомдық академиялық үлгісі ұлттық бірегейлікті нығайту, патриотизмді арттыру және ұрпақтарға тарихи шындықты жеткізу мақсатында іргелі еңбек болмақ. Президенттің бұл ұсынысы – уақытылы әрі қоғамның қажеттіліктерін дөп басқан қадам. Осы бастама жүзеге асқанда ғана тарихи сана жаңғырып, ұлттық шежіреміз толыққанды жүйелі түрде қалыптасады. Бұл кезең келе жатыр...

## Төрлет, Тәуелсіздік!

«Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кен көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз», – деп бекінеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл ұстын сөзі еңселі егемендіктің мәнін айқындайтын терең философиялық тұжырым. Ол Қазақстан халқы үшін аса қымбат үш құндылықты ерекше атап өтіп, оның ұлт болашағындағы маңыздылығын айқын көрсетеді. Кең-байтақ жеріміз – ұлттың тірегі. Бұл жер ғасырлар бойы ата-бабамыздың ерлігімен, қанымен қорғалып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді. Сондықтан, оны сақтау, қорғау және келер ұрпаққа аманаттау – әрбір қазақстандықтың ең алғы борышы. Жеріміз тек табиғи байлық қана емес, ұлттық бірліктің символы. Ал, тіліміз – рухани негіз. Қастерлі қазақ тілі, баба тілі – ұлттың рухының өзегі және мәдениетіміздің алтын қазығы. Ана тілінде сөйлеп, ойлап, жазу – ұлттық санын қалыптастырудың басты шарттарының бірі. Президенттің бұл құндылықты ерекше атап өтуі тілдің қоғамдағы орнын нығайтып, оны күнделікті өмірде кенінен қолдануға үндейді. Бұл – ұлттық мәдениетті сақтау мен оны жаһандану жағдайында дамыту жолындағы маңызды қадам. Береке-бірлік – елдің ұйытқысы. Қиын-қыстау кезеңдерде халқымызды сүріндірмей алып келген бірлік пен ынтымақ – егемендіктің негізгі тұғыры. Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретінде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтай



Сурет шық. дереккөзінен

білуі – әлемге өрнегі өзгеше үлгі. Елдің тұтастығы мен халқымыздың бірлігі кез келген сын-қатерлерді еңсеруге дем-күш.

Ошақтың ұштағанындай бұл үш құндылықты сақтау – елдің әрбір азаматы үшін қасиетті міндет. Мемлекет басшысы атап өткендей, оларды күнделікті қарашығындай сақтау – Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық бағыт. Бұл құндылықтар ұрпақтар сабақтастығының, ұлттық рухтың беріктігінің және тәуелсіздіктің мәңгілік болуын қамтамасыз ететін мұзғымас негіз. Президент оны ел азаматтары ортақ мақсатқа жұмылдырып, тәуелсіздікті нығайту жолындағы жауапкершілікті арттыруға шақырады. Осы ұштағанды сақтау арқылы Қазақстан әлемде өзіндік

орны бар, қуатты әрі біртұтас мемлекет ретінде дами беретіні сөзсіз.

Бүгінде байсал тауып баптанған қарақоз жұртымыз ең бастысы ұлт ұжданы ұрланбасын деген рәуіште келешек көкжиегіне көз артатындай. Кірпігі күндіз-түні ілінбеген зиялылар қауымы алды жарық, арты аңыз азаттық күнін қастерлейді. Тау етер тәуелсіздік күні, қаймана қазақтың төріне шық! Ақ жүрегің айқара ашқан ел-аймақтың жүрегің тербет! Пейліл шат жұртына мейір дарыт. Аза-мұнарынан толық айғып ұлгермеген әр адамды шаттыққа бөле! Атамекеніміздегі алтын тағына қонып, орыңды суытпа. Өткен қараңғылық көлеңкесін қаққа жарып, өмірі өркендеп өзгерген бостан республиканың өңін аша түс! Тамамы тамсанар телгей де келешегі кең ғасырларға жетеле!

# Оқиға емес, Ұлт-азаттық көтеріліс

Желтоқсанда Қазақстан жабырқайды. Желтоқсанда Алаш баласының жүрегін аяз қариды. «Желтоқсан» десе, қабырғасы қайысып қайғырмайтын қазақ жоқ. Тәуелсіздік алғалы бері осы ұлттымыз үшін қасіретті ай хақында жетеріне жеткізіп жазып-ақ, айтып-ақ келеміз. Әлі аза тұтудамыз. Жөн-ақ. Ұмытуға хақымыз жоқ. Ерлерді жадымыздан өшіруге арымыздан рұқсат жоқ. Өткенін ұмытқан ел оңбайтыны дәлелденгелі қашан?! Бұл тақырып талай тарихшы мен қаламгерге азық болды. Әлі де жазыла бермек. Жазылысы, айтылысы! Тек, неің не екенін бағамдауға мүмкіндік беретін, сана көзін ашар, тарихқа салқынқанды пайым қалыптастырар тың дүниелер жарқ етсе игі. Егемендікке жеткенімізге 30 жылдан асты. Тәубе! Бағымыз баянды болғай! Шаң басқан архивтерде бітеу жарамызды тырнар қанша дерек жатқаны бізге белгісіз. Бұл – тарихшылардың еншісіндегі шаруа. Шындық деп мәселені күрделендіргіміз келіп тұрған жоқ. Бірақ, бізді бір ғана қарапайым сұрақ мазалайды. Неге осы «Желтоқсан оқиғасы» деп жүрміз? «Оқиға» дегеніміз не? «Желтоқсан оқиғасы» деген қайдан шықты? Оқиғада ғана мыңдаған қазақ құрбан болды ма? Бұл мәселенің көтерілгеніне бірнеше жылдың жүзі болды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ халқы солтүстіктегі орман жұртының боданына түскеннен 500-ге жуық көтеріліс жасапты. Осының бәрине бір ғана нақты себеп болған. Ол – азаттық! Ресей патшалығы болсын, 70 жыл салтанат құрған Кеңестік жүйе болсын, қазақ даласындағы дүмудің барлығын «оқиға» деп бағалайды. Біздегі ғана емес, орақ пен балға бейнеленген қызыл тудың астындағы бодан ұлттардың бәрінде болған жағдай. Халықтардың жерін, байлығын басып отырған империя «Бұлар азаттық үшін күресіп жатыр» деп айта салмайды, әлбетте. «Жай, империяның ішінде болып жатқан бір оқиға» деп бүркейді. Біз сол саясаттың ауанынан шыға алмай жүргендейміз. Ақын, желтоқсанда алаңа шыққан жастардың қатарында болған Қойлыбай Асанов осы мәселеге қатысты пікірін білдірді.

– 1986 жылы болған Алматыдағы көтерілісті осы уақытқа дейін «оқиға» деп келдік. Тарих беттерінде әлі күнге дейін солай жазып келеміз. Бірақ, бұл – оқиға емес, ұлт-азаттық қозғалыс екенін түсіну керек. Себебі, Алматыда басталған дүмпу бүкіл қазақ даласына жетті. Кеңестік жүйеге бас көтерген осы – қазақ жастары. Алматыдан кейін ірі көтеріліс Қарағандыда басталды. 19-20 желтоқсанда кеншілер шаһарының көшелері қазақ жастарына толды. Содан кейін, Жезказған, Семей, Торғай, Ақмола, Өскемен және басқа да қалалар өре түрегелді. Сөйтіп, ұлттық сипат алды. 1916 жылығы ұлт-азаттық қозғалыстан кейінгі ең ауқымды қозғалыс 1986 жылы орын алды. Оқиға дегеніңіз осындай бола ма? Әлбетте, жоқ. Ұлттық сипат алған қозғалысқа «оқиға» деп қарау – өрескел қателік. Бір совхоздың шөбі өртеніп қана қойған жоқ. Немесе, жол көлік оқиғасы емес. Меніңше, 1986 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көп шындығы ашылған жоқ. Қаншама ойран болған тағдырлар, іздеусіз қалған ерлер бар. Бұның бәрі уақыттың еншісінде деп білеміз, – деді Қойлыбай Асанов.



Коллаж жасаған А. Рамазанов

Тарихшы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ұстазы Нұртас Смағұлов та осы пікірде.

– 1986 жылы орын алған көтеріліс – ұлт-азаттық көтеріліс. Бұл – қазақ халқының еркіндікке ұмтылған қозғалыстардың заңды жалғасы. Кеңес үкіметінің тұсында наразылығымызды ашық түрде де, жасырын түрде де білдіріп келдік. 1960-1986 жылдар аралығында халқымыздың санасы көтеріліс аяғына дейін жетіп қалды. Бұл нақты себептер бар. Солардың бірі – халық санының 6 миллионға жетуі. Тарихи сана-сезім, ұлттық жады жаңғырды. Жерінің, соның үстіндегі, астындағы байлығының тоналып жатқаны ашындырды. Дінмұхамед Қонаевтың орнына Геннадий Колбинді алып келуі – құрғап тұрған отынға от тастағанмен бірдей болды. Біздіңше, соны әлдебір саяси күштер ұйымдастыруы да мүмкін. Олар осы әрекеттері арқылы жастардың намысын оятты, жанды жеріне тиді. Ұлт азаттық көтеріліс деуге тағы бір басты себеп бар. Алаңа шыққан жастар үкімет тарапынан қатаң жазалау болатынын білді. Өйткені, олар аталарынан 1937 жылдардың зұл-

матын естіген. 1960 жылы туған ұрпақ соны жақсы біледі. 1986 жылы 17 желтоқсанда алаңа 300-ден астам адам жиналды. Уақыт өте 20 мыңға жетті. Көтеріліске шыққандарға «Құйын 86» операциясы ұйымдастырылды. Мұндай қаруланған арнайы жасақ әрекет етті. Бұл операцияның зардабы өте ауыр болды. Біз әлі күнге дейін алаңда қанша адамның қаза тапқанын, қаншасы итке таланғанын білмейміз. Талайын жындыханаға тоғытты. 1990 жылда ұйымдастырылған комиссия зардап шеккендердің саны 164 деп көрсетті. Кейін бұл сан 200-ге дейін барды. Шындық аса құпиялық деңгейде сақталды. Біздің болжамымызша, 500-ден астам қазақ қаза тапқан. Алматының түрмесіне сыймаған жастарды қақпаған қыста қаланың сыртына апарып тастады. Кеңес үкіметінің құқық қорғау органдары берген ресми дерек бойынша, 8500 адам тұтқындалған, 1700 адам әр түрлі дене жарақатын алған. Бұлардың барлығы құжаттағы сандар ғана. Сол себепті де, бұны оқиға емес, ұлт азаттық қозғалыс деуге толық негіз бар, – деді Нұртас Смағұлов.

Қазақтың біртуар ақыны Есенғали Раушановтың мынадай

бір өлеңі бар: «Мен қайырлым, сен-дағы бұрылым, інім, Қалай, не деп ұғамыз мұның сыр-ын? Аяғым қараймын, шідерім өте 20 мыңға жетті. Көтеріліске шыққандарға «Құйын 86» операциясы ұйымдастырылды. Мұндай қаруланған арнайы жасақ әрекет етті. Бұл операцияның зардабы өте ауыр болды. Біз әлі күнге дейін алаңда қанша адамның қаза тапқанын, қаншасы итке таланғанын білмейміз. Талайын жындыханаға тоғытты. 1990 жылда ұйымдастырылған комиссия зардап шеккендердің саны 164 деп көрсетті. Кейін бұл сан 200-ге дейін барды. Шындық аса құпиялық деңгейде сақталды. Біздің болжамымызша, 500-ден астам қазақ қаза тапқан. Алматының түрмесіне сыймаған жастарды қақпаған қыста қаланың сыртына апарып тастады. Кеңес үкіметінің құқық қорғау органдары берген ресми дерек бойынша, 8500 адам тұтқындалған, 1700 адам әр түрлі дене жарақатын алған. Бұлардың барлығы құжаттағы сандар ғана. Сол себепті де, бұны оқиға емес, ұлт азаттық қозғалыс деуге толық негіз бар, – деді Нұртас Смағұлов.

Қазақтың біртуар ақыны Есенғали Раушановтың мынадай

## Ерлердің ерлігіне Тағзым

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде «Тәуелсіздік тарихы – ел тарихы» тақырыбында шара өтті. Шараға Желтоқсан оқиғасының қатысушылары, бірқатар мекеме басшылары мен қызметкерлері, қоғамдық ұйым мүшелері және мектеп оқушылары қатысты.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынды белгілі ақын Руслан Нұрбай тізгіндеп, халқымыздың азаттық жолындағы жанқиярлық күресі мен ұлтты ұлы істерге үндеген саяси қайраткерлер тарихынан ой толғады.

Шара қатысушылары халықтың бостандығы жолында құрбан болған жандарды бір минут үнсіздікпен еске алған соң аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Сайлау Әлиұлы сөз алып, Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін айтып, оны нығайту баршамамыздың ортақ міндетіміз екенін атап айтты.

– 16 желтоқсан – қазақ халқы үшін аса қастерлі күн. Бұл күнде азаттық жолында жанын құрбан еткен батырларымызды еске алып, аза тұтамыз. Жас ұрпақ сол ерліктен үлгі алуы керек. Қастерлі күннің мән-мағынасы дәріптелетін осындай тағылымды шаралардың айтар ойы салмақты. Баршаңыз-

ды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Сайлау Әлиұлы.

Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерінде алаңда болған жерлесіміз Баян Жұмагелдинова өз естеліктерімен бөлісіп, көзі көріп, басынан кешкен жайттарды өңгімеледі. Өлкетанушы Саят Оспанов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев те ойын ортаға салды.

Өнер мектебінің тәрбиеленушісі, №1 орта мектептің 6 сынын оқушысы Мирас Шынболат «Шындық» атты толғауды тарту етсе, Гүлмира Сламбекова қобызбен «Отан-Ана» күйін күңгірте орындады.

О.Жәутіков атындағы №1 орта мектептің бір топ оқушысы Желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың қоштау жырын оқыды.

Сурет ұйымдастырушылардан

### • КӨКЕЙКЕСТІ

## Жастар және Желтоқсан

Қоғамда «Желтоқсан оқиғасы жайлы кейбір деректер ашық айтылмай келеді. Тіпті, Желтоқсан оқиғасы әлі толық зерттелген жоқ. Кейде қоғам осы аталған ұстаныммен оны ұмыттырғысы келетін секілді» деген пікірлер бар.

Жалпы, Жастардың көзқарасындағы Желтоқсан қандай? Заман алға жылжыған сайын Желтоқсан оқиғасының тарихы, мән-маңызы ұмытылып бара жатқан жоқ па? Жастардың пікірін білген едік.



### «Кейбір деректер ашық айтылмайды дегенмен...»

Желтоқсан – қазақ халқының Тәуелсіздікке ұмтылысын көрсеткен ерлік оқиғасы. Бұл тоталитарлық жүйеге қарсы наразылықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар, болашақ тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалаудағы қадамдардың бірі ретінде де тарихи маңызға ие. Қазіргі уақытта «Желтоқсан оқиғасының кейбір деректері ашық айтылмайды» деген пікірдің айтылуы кездейсоқ емес. Тарихи шындық толық зерттеліп, халыққа жеткізілмесе, бұл уақыт өте келе бұлыңғырланып, ұмытылу қаупіне тап болады. Бұл – ұлт үшін қауіпті тенденция. Тарихты сақтап қалу үшін мемлекеттік бастамалар ғана емес, қоғамның белсенділігі де маңызды. Ұрпақтар арасында тарихи сананы қалыптастыру жұмыстары жүргізілмесе, Желтоқсан оқиғасының маңызы көлеңкеде қалуы мүмкін.

Заман алға жылжыған сайын Желтоқсан оқиғасы туралы түсінік пен оның рухани мәнi әлсіреп бара жатқанын байқаймыз. Бұған бірнеше себеп бар. Мәдениеттегі көрініс тапшылығы жалпы Желтоқсан туралы деректі фильмдер, кітаптар мен көркем шығармалардың аздығы оның қоғам есінде қалуына кері әсерін тигізеді. Оған қоса Желтоқсан оқиғасын бір кішігірім оқиға секілді көрсету дұрыс емес.

Әлі де Желтоқсан көтерілісі туралы деректер толығымен ашылған жоқ. Оның ашылуы кейбір топтар үшін әлі де қауіпті болуы мүмкін. Дегенмен, ол жайлы деректер ашылуы керек, себебі, оқиға басталған бетте «нашақор жастар» деген жалған ақпараттар тарайды. Осыған әлі де сеніп жүрген адамдар бар.

Желтоқсан оқиғасы – Қазақстанның тәуелсіз тарихындағы ең үлкен маңызды тарихтың бірі. Егер біз оны естен шығарсақ, бұл тарихи шындыққа жасалған қиянат емес, өз болмысымызды ұмыту. Сондықтан, оның тарихи мәні ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, рухы мәңгі сақталуы тиіс. Тәуелсіздікті қастерлеу үшін Желтоқсан оқиғасының әрбір сабағын ұғынуымыз керек. Жастарды «қайсар, батыр бол» деп тәрбиелейміз, ал, өзіміз Желтоқсан оқиғасында батырлық көрсеткен жастарымызды әлі де толық дәріптей алмай жүрміз. Бұл – өкінішті.

Бүгінде жастардың Желтоқсан оқиғасы төңірегіндегі көзқарасы әртүрлі. Біреулер оны ұлт азаттығының ұлы қозғалысы деп қабылдайды. Басқалары бұл оқиғаны толық білмей, тек мектептегі немесе отбасында айтылған аз мәліметтермен ғана шектеледі. Бұл айырмашылық жастарды тарихты тану деңгейіне, оның

насихатталуына, қоғамдағы тарихи сана қалыптастыру жұмыстарына байланысты. Жастардың патриоттық бағыттағы бөлігі үшін Желтоқсан бұл батырлықтың, әділеттіліктің, ұмтылыстың символы. Ол Желтоқсан оқиғасын ұлт болашағы үшін күрескен жастардың ерлігі ретінде бағалайды. Мұндай жастар Қазақстанның тәуелсіздігі оңай келмегенін түсініп, оны сақтауда өзін жауапты сезінеді. Ал, жастардың бір бөлігі Желтоқсанды Қазақстанның Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған 1991 жылмен тікелей байланыстырады. Бұл оқиғаны тарихи маңызды кезең ғана емес, Тәуелсіздіктің саяси-рухани негізі деп санайды.

Алайда, жастар арасында бұл оқиғаға мән бермейтіндер де бар. Мұндай көзқарастың қалыптасуына әртүрлі себептер де бар. Мемлекеттік награда тапсырылатын күн деген түсінік қалыптасып қалған жастар да бар. Алайда, Желтоқсан оқиғасын тереңнен зерттеп жүргендер аз емес. Олардың көзқарасы әртүрлі болса да, оны ұлттық рухтың айнасы ретінде түсіну, қамтамасыз ету – қоғамның міндеті. Желтоқсан ол өткеннің тарихы ғана емес, ол бүгінгі жастарға ұлтжандылық, әділеттілік туралы айтар үлкен сабағы бар оқиға. Егер біз бұл тарихи құндылықты дұрыс жеткізе алсақ, жастар оны ұмытпайды. Керісінше, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағын құруға күш салады.

Ержан ХАМИТОВ,  
АМАНАТ партиясының  
«Жастар Рухы» жастар қанатының  
Қарағанды облыстық  
филиалының төрағасы

### «Болашағын ойлаған жас ұлттың сүйеді»

Желтоқсан оқиғасы – қазақтың тарихындағы ең маңызды бетбұрыстарының бірі болды. Сол оқиғада Алматының орталық алаңындағы жастар өз халқының құқығын қорғап, Кеңес Үкіметінің әділетсіз саясатына қарсы шығып, жанын берді. Осы ұлт үшін жанын қиған боздақтар Жаңа жылдың көлеңкесінде қалып қойып жатады. Желтоқсан жайлы ашық шындықтарды айтылмай қалуының бірден-бір себебі осы деп ойлаймын. «Желтоқсан құрбандары мен батырлары» деп тек саясатпен санарлық тұлғаларымызды ғана айтып өтеміз, ал, негізі оның саны біз ойлағаннан да көп.

Бүгінде ұлттың, елін сүйетін жастар көп. Олардың қатарында қазақ елінің дамуына ықпалы тиіп жүрген жастар баршылық. «Өткенінді ұмытпасаң, болашақ саған тас лақтырар» деген сөз бар. Болшаққа нық қадам жасай алатын жастардың көбейгені жақсы.

Білім жолын дәріптейтін маман болғандықтан, әрбір сабағымда оқушыларыма Желтоқсан жайын баяндап отырамын. Өйт-



кені, ұлттың сүйетін жастар болашақты ойлайды деп есептеймін.

Жаңгелді КЕНЖЕБАЙ,  
Абай атындағы  
мектеп-гимназиясының қазақ тілі  
мен әдебиеті пәні мұғалімі

### «Тарих дұрыс насихатталмайды»



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – қазақ халқының бостандық пен әділеттілікке ұмтылған қайсар рухының символы. Бұл көтеріліс қазақ жастарының ұлт намысын

қорғауға дайын екенін көрсетті.

Желтоқсан батырларының ерлігі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болуы тиіс. Алайда, кемшін түсіп жатыр. Бұл жас ұрпақ арасында тарихты оқыту мен насихаттаудың жеткіліксіздігі деп білемін.

Мойындау керек, қазір қазақшылыққа ұмытылып, оны насихаттап жүрген жастар жетерлік. Оған алдыңғы буынның қолдауы маңызды.

Дегенмен, Желтоқсан рухы ұмытылауы тиіс. Бұл оқиға тек өткеннің сабағы болғанымен, болашақ үшін тәуелсіздік пен бірлікті бағалауды үйрететін маңызды оқиға. Желтоқсанның маңызын түсіну – әр қазақтың парызы.

Әділет АЙДАНБЕК,  
М.Жұмабаев атындағы  
мектеп-гимназиясының  
11 «А» сынып оқушысы

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

# Ойлы дүние адамы

Салмақты сөз, ойлы дүние айта алатын, қазақ десе, ішкен асын жерге қоятын техника саласында қызмет атқара жүріп, туған тілімізді дамытуға лайықты үлес қосып келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – профессор Ибатолла Дайырұлы Арыстан ағамыз.

Ибатолла Дайырұлы 1939 жылдың желтоқсан айында қазіргі Ақмола облысының Біржан сал ауданына қарасты Сәуле ауылында дүниеге келген. Мандайына жазғаны сол, аяулы анасынан небары бір жарым жасында қалып, жетімдіктің зардабын тартады. Тұмысынан елгезек, өжет бала әр ағайынның қолында жүріп, мектеп жасына да жеткен кезде туыстары Степногорск қаласына жақын Ақсу кентіндегі орта мектепке береді.

Орта мектепті ойдағыдай бітірген Ибатолла аға 1956 жылы Қарағанды политехникалық институтына келіп, оқуға түседі. Студент кезінде, әйгілі ғалым, қайраткер тұлға Әлімхан Ермеков, Александр Попов, Әбілқас Сағыновтардың және тағы басқа белгілі ғалымдардың дәрістерін тыңдап, білім нәріне сусындайды.

Ибатолла Арыстан 1961 жылы Қарағанды политехникалық институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген болашақ ғалым төрт жыл бойы Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтында ғылыми қызметпен шұғылданған. 1965-1967 жылдар аралығында Қазақ политехникалық институтының аспирантурасында оқып, тау-кен саласының негізін қалаушылардың бірі, ғалым Александр Поповтың жетекшілігімен кандидаттық дис-

сертациясын сәтті қорғайды. Ал, 1967 жылдан күні бүгінге дейін Қарағанды техникалық университетінің «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» кафедрасында үзіліссіз еңбек етіп келеді, талай жылдан бері осы кафедраның профессоры.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұстаздық етіп келе жатқан Ибатолла Дайырұлы оқу орнында жүргізілетін ғылыми-педагогикалық, тәрбиелік және қоғамдық жұмыстардан ешқашан шет қалып көрген емес. Жерасты пайдалы қазбаларын өңдеу саласына маманданған ғалымның еңбектері негізінен жаңа технологиялық сызбалар жасауға және кен орындары мен көмір кеніштеріндегі терең қабаттардың геомеханикалық үдерістерін зерттеуге арналған. Ол қазақ тіліндегі 5 монографияның, 5 оқулықтың, 9 оқу құралының, өнеркәсіп салалары бойынша техникалық терминдердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде құрастырған 4 сөздіктің, кітапшалардың, 200-ден астам ғылыми мақаланың, 12 авторлық куәлік пен екі патенттің авторы. Ғалым университетте техникалық пәндерді мемлекеттік тілде оқытуға мол үлес қосты және әлі де жалғастырып келеді. 1989 жылдан бері оқу орнындағы «Қа-



зақ тілі» қоғамының және Тілдер комитетінің төрағасы. Қарағанды техникалық университеті оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетін басқарған кезінде де жалпыға пайдалы қыруар шаруалар атқарды.

Ибатолла Дайырұлы – Халықаралық ақпараттандыру инженерлік академиясының академигі, Білім және ғылым қызметкерлерінің облыстық комитеті пленумының мүшесі.

«Кісі танымақ болсаң – ісіне қара» дегендей, оның өмірлік жолы маңайындағыларға деген қамқорлыққа, шешімін тапқан

мәселелерге және ізденістерге толы. Осы жетістіктері алға қойған мақсаттарына жету үшін ынтасын, барлық күш-жігерін, талантын жұмсап, еңбегінің жемісін көруге жеткізді. Үкімет тарапынан еңбегі бағаланып, егеменді еліміздің «Парасат» орденімен марапатталды. Әр жылдары Ы.Алтынсарин атындағы, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, I, II, III дәрежелі «Шахтер даңқы», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен

нағрадалған. «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Құрметті шахтер», «Қарағанды техникалық университетінің еңбек сіңірген қызметкері» атақтарының иегері.

Алпыс жылдан астам уақыт бұрын сонау Ақсудың жағасынан арман қуып аттанған бозбала бүгінде сексеннің бесеуіне шығып, ақсақал жасына еліне сіңірген елеулі еңбегімен жетіп отыр. Жерлестері оны мақтан тұтады, әріптестері де зор ғалым ретінде құрметтеумен келеді. Ол кісінің жары Алма Ахметжанқызы да осы оқу орнында талай жыл талмай еңбек еткен болатын. Ұжымның құрметіне бөленген ана тағдырдың жазуымен осыдан үш-төрт жыл бұрын дүниеден өтті. Ибатолла Дайырұлы Құдай қосқан қосағы, марқұм Алма Ахметжанқызы екеуі бала-шағасын жеткізген, үбірлі-шүбірлі отбасы.

Ибатолла ағамыздың әуел бастан «қазақ» деп соққан жүрегі әлі күнге «ұлтым» деп лүпіл қағды. Ата-тегінен «-ов» деген орысшаны алып тастап, тек «Арыстан» деп жазылуының өзі көпшілігімізге үлгі болды. Әлі күнге аттан түспеген, қажыр-қайраты мол ағамызға жаңа табыстар, бақытты да баянды ғұмыр тілейміз!

**Арыстан ҒАЗАЛИЕВ,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,**  
**ҰҒА академигі,**  
**Нұрлыбек ӘУБӘКІРОВ,**  
**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің профессоры**

• СПОРТ

# Чемпиондарға құрмет көрсетті

Облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасында қоян-қолтық ұрыс шеберлері мен қазақ күресі балуандарын және самбо жауынгерлеріне құрмет көрсетілді. Жаттықтырушыларға да естелік медальдар табысталды.



**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі айда әлемнің түпкір-түпкірінде байрақты бәсекелер лег-легімен өтті. Қарағандылық спортшылар аймақтың ғана емес, тұтас еліміздің мәртебесін биік етті. Басқарма бастылығы талантты спортшыларды мереке қарсаңында Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайына жинап, құрмет көрсетті.

Бірінші қоян-қолтық ұрыс шеберлері марапатталды. Әйгерім Жарасова жастар арасында әлем чемпионы атанды. Сағыншы Асылбекова – әлем кубогының қола жүлдегері және Азия чемпионы. Сұлтанәлі Дінқабыл әлем чемпионатының қоласын, ал, Мадина Алданияз әлем кубогының қоласын жеңіп алды. Эмилия Ларионова бірден екі турнирде жеңіске жетті. Ол Астанада өткен әлем кубогында, Бішкекте өткен Азия чемпионатында топ жарды.

Эмилия Ларионова – 20 жаста. Спортпен 10 жасынан бері айналысып келеді екен.

– Осындай катал спортқа баруыма барлығы қарсы болды. Ата-анам мені суретке, әнге, биге баулығысы келді. Бірақ, көңіліме ешбірі жақпады. Мен әкеме ұқсаған сияқтымын. Әкем де спортшы. Жекпе-жек өнері маған да ұнады. Өзімнің талпынысыма, денгейіме әзірге разымын. Әлі де жаттығып, шыңдаламыз, әлбетте. Чемпионатта өткен кездесулер ауыр болды. Физикалық тұрғыдан жаттығуларды көбейту керек, – деді Эмилия Ларионова.



Сұлтанәлі Дінқабыл – қоян-қолтық ұрыспен бала кезінен айналысады. Ол – әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

– Чемпионат жоғары денгейде өтті. Үш жекпе-жек өткізіп, екеуінде жеңдім. Жартылай финалда иығымды жарақаттап алдым. Бірақ, берілген жоқпын. Не де болса, аяғына дейін баруға бел будым. Екі ұпай айырмасымен ұтылдым. Бұрын түрлі спортпен айналыстым. Өзіме ұнайтынын таппай ұзақ жүрдім. Қоян-қолтық ұрыстан өзіме керегін таптым, – деді спортшы.

*Суреттер ашық дереккөзден*

• АКТЕР МАХМУТ САДЫҚАНОВ – 70 ЖАСТА

# Театр тарланы

...Сахна сырты. Грим бөлмесінен шыққан Махмут дауысын жуандатып, жаттығып жүр. Жанары оттай жанып, қабағы түксіп түнеріп алған. Сауытты, мұздай қарулы. Өйткені, ол бүгін Ер Жәнібектің ролін сомдайды. Қалижан Бекқожиннің әйгілі «Ұлан асу» шығармасы сахналанады. Сабыры қашып, шымылдықтың шетінен бір сығалап алды. Көрермен ат төбеліндей ғана жиылған. Аз болса да талғам таразысы биік. Бірақ, жалындап тұрған жас әртіс үшін жалғыз көрермен де ормандай боп көрінеді. «Алматыдан оқып келген талантты жас басты рөлдің бірін сахналайды екен», деген елдің ауызекі жарнамасына біршама жұрт жиылып жатыр. Қол-аяғы дір, жүрегі зыр қағып тұрған Махаң бір кезде ойын кідіртіп, бойын жинап алды. «Мен бабадүрдің ролін сомдағалы тұрмын. Қобалжып тұрғанымды ел ішкі демінен де сезеді. Жаудан, даудан қаймықпаған Жәнібек көрермен алдында көңілге негіз кібіртіктеу керек?! Жи, есінді!», деп өзін қайрап-қайрап, қамшылап алған. Сол шыққаннан бір деммен образын ойдағыдан да отты, бойдағыдан да батыл алып шыққан оны патша көңіл көрермен ыстық ықыласпен, құрмет-қошеметпен қабылдады.

**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Содан бері Махмут Айдапкелулының жанына батыр мен билік ролі жақын. Міне, сахнадағы жарты ғасырлық ғұмыры мен өзінің жетпіс жас мерейтойы қатар келді. Бұл белеске болмысы біртоға әртіс әрлі әрі әлді жетті. Әрлі дейтініміз, әлі де сахна биігінен түспеді. Әлді дейтініміз, омырауына таққан мемлекеттік марапат елу жылғы еңбектің өтеуі.

Қасиеттің топырақтан даритыны даусыз. Шың-құзы көкпен таласқан Тарбағатайда туған талант. Үржар үкілеген үміт. Алатау қанат қақтырған қыран. Ал бүгін Арқа театрының «Қобыландысы».

...Өнерге үш қайнаса, сорпасы қосылмаған қойшының шаңырағынан шың талант шыға ма? Шығады екен. Бала Махмут әуелі өленге, одан соң ән айтуға әуестенді. Әсіресе театрға қадамын Алматыдан бастайтынын білді ме, «Алатауды» шабытпен шырқайтын. Ақыры «Алатау» әні өнер аскарына алып шықты. Сәйкестік демеі көріңіз...

Бала Махмуттың талантын жазбай таныған ұлағатты ұстазы Тұяқ Әбдірелиұлы әулие дерсіз. Неге дейсіз ғой? Тұйық баланың қарақаттай көзінен өнерге деген іңкәрлікті аңғарған ол «Сен үлкен әртіс боласың», дейді екен. Мұғалімі сахнаға бойын үйретті. Өн мен жырға баулыды. Қой бақтырмай, сахналық қойылымға шығарды. Қысқасы, айтқаны айдай келді. Махмут ағамыздан кім барып өңгіме сұраса да, әуелі әліппесі – осы. Иә, ұстазын ардақтау – ұлағат!

Қош! Сөйтп, жіптіктей жігіт арманын асқақ етіп Алматыны бетке алады. М.Әуезов атындағы



академиялық театры жанындағы өнер студиясына топ ете қалған оның сахнаның сиқырлы, театрдың тылсым әлеміне терең бойлай бастаған кезеңі осы еді.

Әйгілі Әуезов театры. Түске дейін оқу, ізденіс. Түстен кейін театрдың массовкасына шығады. Әнуар Молдабеков, Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов секілді театр саңлақтары сомдаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды» атты

классикалық қойылымға қатысып, «әй» деп айтқан бірауыз сөзін әйбат көріп жүрген кезі бұл күндері сарғайған сағынышқа айналған. Сахнаға елеусіз бір эпизод үшін шықса да, Алматыдағы жерлестерін түгел жинаған албырт шағына қазір аң-таң.

Сөйтп жүріп Махаң өнер студиясындағы опера вокалында оқып жүрген Нұржібек Жансүгірованы кезіктіреді. Иә, фамилиядан жаңылған жоқсыз. Кәдімгі

біртуар тұлға, қазақ жырының Құлагері Лияс Жансүгіровтің бауырының қызы. Сол кезден бастап сөз байласып, қол ұстасқан қос әртіс әлі күнге дейін бірге. Алып бәйтерекке айналды.

...Өнер студиясын ойдағыдай тәмамдаған екеуі Арқа жеріндегі Сәкен театрына жолдамамен келеді. Қоңыр шабаданмен қоныс аударған оларға Қарағанды сұрықсыз қала еді. Алматыдағы ағаларының «Театрға жаңа леп апарыңдар, елдің рухын көтеріңдер!» деген аманатын арқалап келген олар аз-маз уақыт еңбек етіп, елге қайтуды жоспарлаған еді. Алайда Арқаға судай сіңді.

Талантты жұп сол кездегі театрдың көркемдік жетекшісі, талантты режиссер Жақып Омаровтың ғана емес, шығармашылық ұжымның олжасы болды. Бұл 1976 жыл еді. Содан не керек, жұлдызды жұп еңбек етеді. Елдің назарын ерекше аударған да екеуі еді. Бірнеше шоктығы биік спектакльдердің жауапты ролін қатар сомдайды. Дулат Исабековтің «Әпкесінде», Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңында» деген секілді. Міне, театр табыстырған таланттардың шаңырақ көтергендеріне де жарты ғасырға жуықтапты. Театрда да – театр, үйлерінде де – театр. Махмут ағамыз үшін ең өткір сынышы ол – асыл жары Нұржібек Жансүгірова. Өзі осылай дейді. Дастарқан басында бір-бірінің образын, шеберлігін, кемшілігін талқылайды. «Екеуіміз қандай да бір жетістікке жетсек, онда ортақ еңбек, ортақ ізденіс жатыр», – дейді театр тарланбозы.

Сөйтп, өнер жолының азабын да, ғажабын да қатар тартып келеді. Үлкен ұлдарының есімі не себепті Жәнібек қойылуды түсінікті шығар. Үздік сомдаған образын қатты құрметтегендіктен. Мұнда тек образға ғана емес, театрға, жалпы өнерге деген шексіз махаббат жатыр.

...Сол Жәнібек ұлдарын тоғыз айлығында Тарбағатайдағы үйлеріне апарып тастайды. Өздері – үнемі гастрольдік сапарда. Елдің түпкір-түпкірін аралап жүрген шақ. Сөйтп, балалары бір жарым жасқа келгенде, елдеріне жазғы демалысқа қайтады. Артынып-тартынып келе жатқан екеуі

аулада ойнап отырған балаларын танымай өтіп кеткен көрінеді. Сонда қайран, шеше ғой, кері адымдап, бала Жәнібектің жаңарынан таныпты. Міне, осындай ауыртыпшылықтың бәрін өтті. Өнер үшін, руханият үшін, театр үшін.

Екінші ұлы Әлібек шыр етіп өмірге келерде, театрдың қалың әртісімен кезекті гастрольдік сапарға кетіп бара жатқанында сүйінші хабар жетеді. Сол жерде әріптестері тілдей қағазға өздеріне ұнайтын есімдерді жазып, жеребе тастайды. Сонда әкесінің қолына Әлібек деген атау түседі. Өмірінің әр жарқын сәттері де, жабыққан кезеңдері де театрмен тығыз байланысты.

Ұлдары театрда жүріп, ержетті. Жәнібек Садықанов – Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалын басқарады. Облыстық «Сауатқа» телеарнасы директорының орынбасары. Әлібегі жоғары оқу орнын үздік аяқтады. Дипломымен жұмыстың ізіне түспеді. Дегенмен, ол өзінің жеке кәсібін дөңгелетіп отыр. Немеренің маңдайынан маңғаздана сүйген ата мен әженің қазіргі маңызды қызметі – соларды бағып, қағу. Әрине, бұдан асқан мәртебелі қызмет жоқ!

Жақында ғана Махмут Садықановтың кеудесінде «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік марапат жарқырады. Лайықты құрмет! Әртістің өнер жолына зер салсақ, атактын, марапат пен мансаптың ізіне түспеген екен. 2000 жылы «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен марапатталыпты. Міне, жетпіс жастың желкенін керегенінде есімі ардақталып жатыр. Мерейтойының құрметіне орай 15 желтоқсан, сағат 16:00-де Сәкен театрында Махмут Айдапкелулының «Бел-белестер» атты шығармашылық кеші өтеді. Тарбағатайда туып, Алатаудан түлеп, Арқаға келіп, театр тарланбозына айналған Махаң көрерменімен қауышсады.

Жетпістің жотасына жол тартқан таланттың көзінен осы бір өмірдің өзін аңғардық. Өйткені, оның бетегеден биік, жуасаннан аласа күн кешкен кемел болмыстың иесі.

*Сурет театрдан алынды*

## Қарағанды қаласының 2024 жылғы қаңтар-қазан айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы

Қала халқының саны 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 524,6 мың адамды құрады.

2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айындағы орташа айлық жалақы – 348 436 теңгені құрады, бұл 2023 жылдың көрсеткішінен 13,8% артық (2023 жыл қаңтар-қыркүйек – 306 162 теңге).

2024 жылдың қаңтар-қазан айында жалпы қаржылық емес сектор бойынша шығарылған өнеркәсіп өнім көлемі 691 920 млн. теңге немесе 2023 жылғы көрсеткішке қарағанда 107,7% құрады. НКИ – 117,6%;

Оң серпін келесі салаларда байқалады:

- өндіріс өнеркәсібі – 504 014,4 млн. теңге, өндіріс көлемі 22,4% өсті;
- фармацевтика өнеркәсібі – 24 841,1 млн. теңге, өндіріс көлемі 34,7% өсті;
- металлургиялық өнеркәсіп – 129 831,4 млн. теңге, өндіріс көлемі 4,2% өсті.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 13 974,8 млн. теңге. НКИ – 104,3%, оның ішінде:

- өсімдік шаруашылығы – 12 399,1 млн. теңге;
- мал шаруашылығы – 1 509,5 млн. теңгені құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 224 430,9 млн. теңге немесе 2023 жылдың көрсеткішіне қарағанда 123,1% құрады. ИФО – 117,5%.

Қаңтар-қазан айында құрылыс жұмыстарының көлемі 137 703,1 млн. теңге немесе 2023 жылғы көрсеткішіне қарағанда 191,9% құрады. НКИ – 189,2%.

Тұрғын үйді пайдалануға беру 350,4 мың ш.м. немесе 2023 жылғы көрсеткішіне қарағанда 106,4% құрады.

Бөлшек сауда тауарларының айналымы 1 077 848,9 млн. теңге немесе 2023 жылдың көрсеткішіне қарағанда 109,7% құрады. НКИ – 102,8%.

Есепті кезеңде экономиканың нақты секторында 886 жұмыс орны құрылды немесе 2023 жылғы көрсеткішіне қарағанда 100,6%.

Жұмысқа орналастырылғандар – 7 735 адам, оның ішінде, 5 669 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылған.

Түсімдердің үш санаты бойынша орындалуы 90 887,8 млн. теңге немесе 2023 жылдың сәйкес мерзіміне 114,6% орындалды.

Атаулы әлеуметтік көмек 228 947,8 мың теңге көлемінде 552 отбасына / 2513 адамға төленді.

Тұрғын үй көмегі 29 783,3 мың теңге көлемінде 1 921 отбасы / 2 257 адамға төленді.

Қылмыс деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 20,2% төмендеді.

712 мыңнан астам адамды қамти отырып, 6 508 мәдени-бұқаралық және 235 спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілді.

сында немесе қала бюджеті шығыстарының 13,9% көлемінде айқындалған.

Әлеуметтік сала бюджеті шығыстарының басымдықтары бұрынғыдай: жұмыспен қамтуды арттыру, халықтың әл-ауқаты мен нақты табысын арттыру, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, мәдениет, спорт салаларын дамыту, әлеуметтік сала мекемелерін материалдық-техникалық жақсарту және оларды жөндеу.

Алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарына көмір сатып алуға бір жолғы көмек, тұрғындардың жекелеген санаттарына қатты отын сатып алу үшін шығындарды өтеуге тұрғын үй көмегі енгізілді.

Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерімен қатар Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді.

Ағымдағы жылы саябақтар мен шағын бақтарда, хайуанаттар саябағында, сондай-ақ «Локомотив» спорт кешенінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Абаттандыру қала шаруашылығының маңызды басымдығы болып қала береді және жайлы өмір сүру ортасын құруды бағалаудың индикаторы болып табылады. Осы орайда ағымдағы жылы абаттандыру бойынша шығыстар өткен жылмен салыстырғанда 1,6 есеге ұлғайған.

Халық қатысатын бюджет – азаматтардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатысуы. Жобаларды қала тұрғындары ұсынады, ал аталған жобалар қала үшін міндетті түрде өзекті болуы тиіс. Өтінімдерді қабылдау, дауыс беру және бастамаларды іріктеу Қарағанды қаласындағы аудандық әкімдіктердің ресми сайттарында онлайн өтеді. Бүгінгі таңда қала бойынша Халық қатысатын бюджет аясында 44 жоба іске асырылған.

Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және тұрғын үй-коммуналдық саланы жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ағымдағы жылы көлік инфрақұрылымы саласын дамыту жөніндегі ірі жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру жалғасын тапты. Үлкен Михайловка ауданында (Қарағанды станциясы) теміржол арқылы жаяу жүргіншілер өткелін салу, Бөкетов көшесі бойындағы автожол құрылысы, Космонавтар көшесін қайта жаңарту, Пичугин, Шет көшелері бойындағы автожолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жалғасты-

ды. Орташа жөндеумен ұзындығы 80 км автомобиль жолдарының 32 учаскесі қамтылды, автожолдарды ағымдағы жөндеумен 112 мың ш.м. жол төсемі қамтылды. Жүргізілген жөндеу жұмыстары есебімен бүгінгі таңда автожолдардың 79 пайызының сапасы жақсартылып, нормативке сай келеді.

Даму бюджетінің шығыстары өткен жылмен салыстырғанда 27% өсіммен жоспарланған.

Даму бюджеті есебінен 3 жылда магистралі реконструкциялау, сумен жабдықтау желісінің бір объектісін реконструкциялау, 3 объектісін салу, нөсер сулары көрінісін салу, ірі инфрақұрылым-

дық 3-ші жылу нысаны жобасының құрылысын аяқтау көзделген.

Газбен жабдықтау сынды стратегиялық объектінің құрылысы бойынша жұмыс жалғастырылады. Жобаны толық іске асыру барысында 88 мың адам кепілді көлемді газбен жабдықтаумен қамтамасыз етіледі.

Бұдан тыс, абаттандыру объектілерін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін) кезең-кезеңімен қаржыландыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

### 2024 жылға арналған Қарағанды қаласы бюджетінің түсімдері

Атауы	Жылдық жоспар
<b>Барлық түсімдер</b>	<b>163 692,3</b>
<b>Кірістер</b>	<b>136 609,1</b>
Салықтық түсімдер	103 944,8
Салықтық емес түсімдер	587,3
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 897,6
Трансферттер	30 179,3
<b>Бюджеттік кредиттерді өтеу</b>	<b>962,7</b>
<b>Қарыз түсімдері</b>	<b>6 944,1</b>
<b>Бюджеттік қаражаттың пайдаланылатын қалдықтары</b>	<b>19 176,4</b>

### 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БЮДЖЕТІНІҢ ШЫҒЫСТАРЫ

Атауы	Жылдық жоспар
<b>Барлық шығыстар:</b>	<b>163 692,3</b>
оның ішінде:	
<b>Шығындар</b>	<b>161 251,4</b>
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 797,5
Қорғаныс	295,2
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 683,2
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	13 027
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	52 366,2
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10 880,9
Отын-энергетика кешені және жер қойнауы: пайдалану	8 596,7
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, өрешке қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	277,1
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 040,5
Көлік және коммуникация	35 115,2
Басқалар	15 804,9
Борышқа қызмет көрсету	1 327,6
Трансферттер	14 039,4
<b>Қарыздарды өтеу</b>	<b>2 440,9</b>

## Қарағанды қаласының бюджеті туралы

2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджетті қалыптастыру кезіндегі стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың негізгі міндеттері, бұрынғыдай, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында белгіленген аса маңызды бағыттар болды.

Жалпы алғанда, жоғары тұрған бюджеттерден 2024 жылға арналған трансферттер мен кредиттерді ескере отырып, нақтыланған қалалық бюджеттің көлемі жыл басынан бері 35,4% өсіммен 163,7 млрд. теңгені құрады.

Бюджет көлемін арттырудың оң тұстарына қаланың бизнес-ахуалын жақсартуды, негізгі экономикалық көрсеткіштерін өсірудің оң үрдісінің әсерін,

сондай-ақ салық заңнамасын жетілдіру, салықтық әкімшілендіру мен цифрландыруды жақсарту нәтижесі ретінде салық түсімдерінің көлемін ұлғайтуды жатқызуға болады.

Бүгінгі таңда меншікті табыс көлемі 106,4 млрд. теңгені құрайды. Оның 97,7 пайызын салық түсімдері құрайды.

Жоғары тұрған бюджеттерден алынған нысаналы трансферттер мен кредиттердің көлемі 37,1 млрд. теңгені құрады. Бұл қала үшін инфрақұрылымдық даму бөлігінде ірі, басым жобаларды іске асыруға мүмкіндік бермек.

Бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталды.

2024 жылға арналған әлеуметтік саланы шығыстары 22,8 млрд. теңге сома-

## ӘЛЕУМЕТ

# Ауыл көркейіп келеді

Кеншоқы ауылында тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жалғасуда.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жақында «Алмалы» кент орнының «Қызыл Арай Копер» ЖШС директоры Асхат Мұратқалиұлының қолдауымен ауылға жедел жәрдем көлігі сыйға тартылды.

Көлік медициналық қызметтерге қолжетімділікті арттырып, шұғыл жағдайларда көмек көрсету жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, ауыл тұрғындары үшін аса маңызды инфрақұрылымдық мәселе шешімін тауып, Шабанбай би көшесіндегі 25 тұрғын үйі таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Бастама ауылдың ахуалын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде ерекше мәнге ие.

Шет ауданы

# Мүмкіндікті мүлт жібермеген кәсіпкер

Жұмыс істеймін деген адамға мүмкіндік көп. Қандай да бір бизнес ашуға немесе бизнесіңді бір жүйеге келтіріп алғанша мемлекет тарапынан түрлі көмек бар. Осындай мүмкіндікті пайдаланған жандардың қатарында Осакаров ауданы Молодежный кентінің тұрғыны Вероника Кудратова да бар. Осы жазда аудан әкімінің 1 млн теңге көлеміндегі грантын иеленіп, фотостудиясын кеңейткен.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан екі жыл бұрын кентте фотостудия болмаған. Кент тұрғындары әрбір қуанышын таспалау үшін немесе мектеп түлектерінің бітіру кешін түсіру үшін фотографты аудан орталығынан шақырып жүрген. Ал, тұрғындарға фотографты сырттан шақырту – тиімсіз. Вероника Тимуровна осы мәселені ескеріп, шағын фотостудиясын ашқан болатын. Сонымен қатар, кенттегі қыз-келіншектерге де сұлулық қызметін көрсетіп жүрген. Биыл жазда аудан әкімдігінің грантына қатысып, фотостудиясын сұлулық салоны бар үлкен орынға айналдырды.

– Аудан әкімінің грантын иеленіп, сұлулық салоны бар фотостудия аштым. Берілген қаражатқа фотостудияға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтарды алдым. Әрі керек жиһаздарға да тапсырыс бердім. Тұрғындар тарапынан жылы сөздер де естіп жатырмыз. Фотоға түсіруді жаным сүйеді. Қазіргі уақытта шығармашылығымды дамыту үшін түрлі курстарға қатыстым. Әрі аудан жастарына тегін шеберлік



сабағын өткізіп жүрмін, – дейді кейіпкеріміз.

Кенейткен фотостудиясында қажеттінің бәрі бар. Тек суретке түсуге ғана емес, түрлі тренинг өткізу үшін барлық жағдай жасалған. Бәзбіреумен сұхбат құруға немесе қандай да бір сюжет түсіру қажет болса, кез келген адам фотостудияны жалға алады. Ал, сұлулық салоны да қажетті жабдықтармен қамтылған. Аудан тұрғындары жалға алып, «Шағын бизнесімді жүргіземін» десе де,

Вероника Тимуровна қарсы емес. – Суретке түсіріп, шаш киюды өзім үйрендім. Кішкентай кезімнен сурет салғанды жақсы көретінмін. Бәлкім, қызғушылығым мені осы салаға алып келген болар?! Кейінірек Қарағандыға, Алматыға барып, түрлі сұлулық курсым оқыдым. Тіпті, түрлі сұлулық салонында тегін жұмыс істедім. Тегін жұмыстан қашпадым. Керісінше, сол жерден «бірдене үйреніп шығайыншы» деген ниетпен



жүрдім. Қазір сол үйренгендерім көп көмегім беруде. Бірақ, әр жұмыстың өз қиындығы бар. Өз басым түрлі адамдармен кездесемін. Біреуінің мінезі жұмсақ, ал, біреуінікі керісінше. Сондықтан, бәріне шыдап, бәрімен бірдей жұмыс істеуім керек. Алда әлі біршама жоспарым бар, – дейді кәсіпкер.

Кейіпкеріміз тәмамдаған мамандығы бойынша медицина қызметкері екен. Қазір кішкентайымен екі жылдан бері үйде. Бірақ, соған қарамастан өзінің жаны сүйетін іспен шұғылданып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

– Бұған дейін ешқандай грант алмадым. Кентте тұрақты тұтынушыларым бар. Жұмысым ойдағыдай жүріп жатыр. Кәсібімді ашқан жылдары ниет білдірген қыздарға сұлулық курсым тегін үйреттім. Одан кейін көпбалалы отбасынан және аз қамтылған отбасынан шыққан 11 сынып түлектерін тегін фотоға түсірдім. Қыздарға тегін макияж жасадым. Енді фотостудияда жұмыс істейтін қызметкерлердің қатарын көбейтуді ойлап отырмын, – деді Вероника Кудратова.

Осакаров ауданы

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

**Қарағанды Шинсервис**

JEŃІЛ АВТОКӨЛІКТЕР ҮШІН • JEŃІЛ ЖҰК КӨЛІКТЕРІ ҮШІН • ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫ ҮШІН • АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ҮШІН •

**SHINMAX centara** **NORTEG**

**XBR IUNK**

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

8 707 80 35 800 shynservice

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

**Электрондық пошта:**

**ortalyk.kaz**

**@mail.ru**

• БОКС

## Аққа ІВА және ASBC жақ

Тайландтың Чианг Май қаласында әуесқой бокстан Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Финалда 71 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде отандық бокстың жарық жұлдызы, Қарағандының мақтанышы Абылайхан Жүсіпов өзбекстандық былғары қолғап шебері Хавазбек Ассадулаевқа есе жіберген. Бірақ, шешім өзгертіліп, жерлесіміз құрлық чемпионатының алтынын иеленді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан бокс федерациясы төрешілер шешіміне наразылық білдірді. ІВА және ASBC-ге жіберілген ресми хабарламада Абылайхан Жүсіпов пен Хавазбек Ассадулаевтың жекпе-жегінде қарсылас тарапынан ережелер өрескел бұзылғандығы айтылған. Анығырақ айтсақ, өзбекстандық



Сурет ашық дереккөзден

боксшы Абылайхан Жүсіповтің нығынан тістеп алған. Рингтегі төреші Джована Угринович бұл кезде ешқандай ескерту жасаған жоқ. Дәлел ретінде фото және бейнематериалдар ұсынылған.

Нәтижесінде ІВА және ASBC жекпе-жектері қайта қарап, Абылайхан Жүсіповті «Азия чемпионы» деп таныды. Ал, өзбек боксшысы жарыстан белгілі бір мерзімге шеттетілді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Халықаралық байқаудың жеңімпазы

Евней Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті, 20 жастағы Ақжан Шыныбек Alash Star халықаралық байқауында бірінші орынды иеленді. Қазылар алқасы оның вокалдық шеберлігін жоғары бағалағанын айту керек.



Салтанат ІШИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Астанада өткен Alash Star халықаралық көпжарлы байқауында Ақжан Шыныбек «Халық әні» номинациясында өнер көрсетті. Мен қазақ ақыны Біржан салдың «Айтбай» композициясын орындадым. Жалпы, мен үшінші

сыныптан домбыра тартамын және ән айтамын. Халықтың дәстүрлі қазақ әндерін жақсы көремін. Бұл мен үшін жай ғана хобби емес, – дейді жеңімпаз.

Ақжан Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінің тумасы. Болашақта өмірін өнермен байланыстырып, кәсіби әнші және домбырашы болғысы келетінін айтады.

– Ән айту – еріккеннің ермегі емес. Оның үстіне, халық әндерін орындау үшін көп еңбектену қажет. Осының бәрін санама түйіп, халық әндерін мейлінше жеріне жеткізе шырқауға талаптана жүрмін. Кез келген дүниеде талмай еңбектенсең, жетістікке жетесің. Бұл байқауда топ жарғаным менің осы кезге дейінгі азды-көпті еңбегімнің жемісі болса керек.

Тағы бір айта кетерлігі, қазақтың ән өнерінде Арқа әншілік мектебінің орны ерекше. Болашақта мықты әнші болып, өзіңше тың сұрлеу салу үшін алдымен өзіңе дейінгі жауһар дүниелерден қанып ішіп, өн бойыңа сол әндердің рухын, мінезін сіңірген жөн. Сонда бара-бара өз жолыңды табасың. Ұстаздарымның айтқанын ескеріп, қосымша өздігімнен ізденіп жүрмін. Қолым қалт етсе, домбырамен сырласамын. Құдай берген дауысты әбден шыңдап, қазаққа осы дауыспен қызмет еткім келеді, – деп ағынан жарылды Ақжан Шыныбек.

Сурет ашық дереккөзден

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

## Монооперадағы мәңгілік мұра

Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Д.Верди атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» және III дәрежелі «Барыс» ордендерінің кавалері, профессор Шахмардан Әбілов Қарағанды төрінде өнер көрсетті. Ол хакім Абайдың даналығын опера үнімен жеткізді. Опера саңлағы «Шалқыма» концерт залында Арқа жұртына «Толық адам. Ой толғау. Хакім Абай» атты монооперасын қойды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сахнада Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне жазылған ариялар мен романстар орындалды. «Толық адам. Ой толғау. Хакім Абай» монооперасында «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қарашада өмір тұр», «Қор болды жаным» және «Сегіз аяқ» шықалды. «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлған», «Біреуден біреу артылса», «Көзімнің қарасы» туындылары да опера жанрында жаңғырды. «Астана Опера» хор студиясының жас әртістері «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» атты өнер туындыларын тыңдар-



манға бұрынғыдан өзгеше форматта ұсынды. Шахмардан Әбілов – шығармашылық мансабының басым бөлігін хакім Абайдың мұраларын дәріптеуге бағыштаған өнер қайраткері. Абай өлеңдеріне камералық-вокалдық шығармаларды орындау шығармашылығының шыңы болды. Опера дүлдүлі «Толық адам. Ой толғау. Хакім Абай» монооперасын айту үшін ұзақ жылдар бойы ізденіс жасағанын айтады. Идея 1995 жылы келген. Бұл жылы Абай Құнанбайұлының

150 жылдығы ЮНЕСКО денгейінде аталып өткен. Шахмардан Әбілов Лондондағы Абай үйінің ашылуына қатысып, әйгілі Биби-гүл Төлегенова және Ермек Серкебаевпен, дарынды скрипкашы Марат Бейсенғалиевпен бірге өнер көрсеткен. Даңқы шартарапқа тараған моноопераны тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалың болды.

Сурет Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің баспасөз қызметінен

• ТАҒЫМ

## Қайраткерлер рухына құрмет

Нұра аудандық мәдениет үйінде «Төртеу түгел болса...» атауымен Шоң Телғозұлының – 200, Қайып Айнабековтің – 140, Сәкен Сейфуллиннің – 130 жылдығы және Бүркіт Ысқақовтың 100 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шарада еліміздің руханияты мен өнеріне өлшеусіз үлес қосып, сонына мол мұра қалдырған төрт қайраткердің өмірі мен шығармашылығына байланысты кенінен мәлімет берілді.

Сонымен қатар, атаулы даталарға орай айтыс ұйымдастырылды. Оған айтыскер ақындар Дидар Қамиев, Тілеген Әділов, Мақсат Аханов және Айтбай Жұмағұлов қатысты.



Ақындар есімдері ұлт тарихына алтын әріппен жазылған қайраткер тұлғалардың ерлігін жырға қосудан қатар, туған өлкеңіз сұлулығын жырғына арқау етті. Одан бөлек, шарада Мақсат Аханов пен Дидар Қамиев әншілік қырынан танылды. Аукымды шара соңында аудан

әкімі Бақытжан Мұқанов және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Зарық Мақсұтұлы айтыскер ақындарға алғыс айтып, олардың әрқайсысына ақшалай сертификат табыс етті.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ХОККЕЙ

## Қарымта ойында қапы қалмады

Қазақстан чемпионатында «Сарыарқа» хоккей клубы кейінгі ойындарда жеңіске жетіп, кестенің көші бастауға үмітті еді. «Торпеданы» тізе бүктірген. Өкінішке қарай, 10 желтоқсанда «Ақтөбе» хоккей клубына қонаққа барып, 3:0 есебімен есе жіберді. Сөйтіп, жанкүйерлерінің ессесін түсірген. Бірақ, қарымта ойында кеткен есені қайтарды. Екінші ойында жерлестеріміз жеңіске жетті.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Екінші ойында қарағандылық ұжым шабуылға басымдық берді. Біріншісінде қорғанысқа шамадан тыс көңіл бөліп, қарсыластың еркін ойнауына мүмкіндік беріп қойған еді. Дегенмен, есепті алғаш болып алаң иелері ашты. Қонақтар болса, көп кешікпей, ойын тізгінін өз қолдарына алып, есепті теңестірді. Ұзатпай алға шықты. Бірінші шайбаны Қарағанды хоккей мектебінің түлегі Тимофей

Симонов соқты. Команда капитаны Дмитрий Стулов екінші гол авторы атанды.

Екінші кезеңде командалар өзара өткір шабуылдармен алмасты. Шешуші кезеңде «Сарыарқа» форварды Евгений Королинский дубль жасады. «Сарыарқа» қақпашысы Данил Кадочников қақпаға бағытталған 28 соққыны тойтарды. «Сарыарқа» «Ақтөбені» 4:2 есебімен жеңіп, чемпионат кестесінің 3-орнына табан тіреді.

Жеңістен кейін «Сарыарқа»



ойыншысы Евгений Королевский ойынға қатысты пікірін білдірді.

– Бірінші ойында сәттілік жетіспеді. Шабуылды мүмкіндігінше жасадық. Нашар ойнадық деп айта алмаймын. Бірақ, қарсыластың қақпашысы қақпасына шайба дарытпады. Бірақ, екінші ойында дегенімізге жеттік. Алдыңғы матчтағы қателіктерді қайталамауға тырыстық, – деді Евгений Королевский.

Команда жаттықтырушысы Виктор Буяльский де екі ойынға қорытынды жасады.

– Бірінші ойында өз қателігімізден жеңілдік. Қарсылас босаңсығанымызды ұтымды пайдалана білді. Екі гол қатарынан өткізіп алғаннан кейін жинақталу қиынға соқты. Шайба соға алмай қойдық. Екінші ойынға келсек, жоспарды жүзеге асырдық. Қар-

сыластың жойқын шабуылдарына төтеп бердік. Қақпашымыз да жоғары деңгейде өнер көрсетті, – деді Виктор Буяльский.

Қарағандылық хоккей жанкүйерлері үшін тағы бір жағымды жаңалық бар. Ресейдің Санкт-Петербург қаласында «Бірінші канал кубогі» халықаралық турнирі өтеді. Ұлттық құрама сол додаға қатысады. «Сарыарқа» хоккей клубының бірнеше ойыншысы Қазақстан ұлттық құрамасының сапына енді. Қақпашы – Жәкен Ибрагимов пен шабуылшылар – Александр Борисович, Руслан Демир, Андрей Буяльский, қорғаушылар – Кирилл Полохов, Егор Наместников. Команда жаттықтырушысы Владимир Князев те бірге аттанады.

Сурет «Сарыарқа» хоккей клубының баспасөз қызметінен

Газеттің келесі саны 19 желтоқсан, бейсенбі күні шығады

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБИЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВK2KX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 141 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**